1 ЖЕЛТОҚСАН – ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ

EGEMEN QAZAQSTAN

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

№230 (29461) 30 ҚАРАША, ЖҰМА 2018 ЖЫЛ

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

EL & ELBASY
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ
3-бет

EL & ELBASY
ҚАРУЛЫ КҮШТЕР – ЕЛ ТІРЕГІ
6-бет

EL & ELBASY
ЕЛДІҢ БӘРІН ТӘНТІ ЕТКЕН ЕРЕК ТҰЛҒА
10-бет

EL & ELBASY
ФИЛЬМДЕ ПРЕЗИДЕНТТІҢ АДАМИ ҚАСИЕТІН АШУДЫ МАҚСАТ ТҰТТЫҚ
11-бет

Тапсырмалардың орындалу барысы жөнінде есеп берілді

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен халықты әлеуметтік қорғау жүйесін жаңғырту мәселелеріне арналған кеңес өтті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Жиында Нұрсұлтан Назарбаевқа Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қызметінің негізгі қорытындылары, сондай-ақ Елбасының Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында айтылған тапсырмалардың орындалу барысы жөнінде есеп берілді.

Елбасы қазақстандықтардың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын арттыру Үкіметтің негізгі міндеті саналатынын айтты.

– Мемлекет жыл сайын әлеуметтік саланы қаржыландыру көлемін арттырып, міндеттемелердің бәрін орындап келеді. Биыл осы мақсаттарға 2,6 триллион теңге бөлінді. Бұл былтырмен салыстырғанда 21,3 пайызға көп, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы тұрғындардың тұрмыс сапасы мен табысын арттыруға арналған биылғы Жолдауда ең төменгі жалақы мөлшерін көбейту үшін шаралар кешені қамтылғанын ерекше атап өтті.

(Соңы 2-бетте)

Энергетика министрін қабылдады

Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Энергетика министрі Қанат Бозымбаевты қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Кездесуде Мемлекет басшысына Қауіпсіздік Кеңесінің биылғы 7 қарашадағы отырысында берілген тапсырмалардың орындалу барысы туралы баяндалды.

– Министрлік осы жылды барлық бағыттар, соның ішінде мұнай өндіру, электр энергиясы, баламалы энергия көздері, геологиялық барлау салалары және ірі инвесторлармен жұмыс жүргізу мәселесі бойынша жақсы көрсеткіштермен аяқтағалы отыр, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев тарифтерге бақылау жүргізу жауапкершілігі тек Энергетика министрлігіне емес, сондай-ақ Ұлттық экономика министрлігіне де жүктелгенін атап өтті.

– Тарифтерге қатысты сын айтылды. Оған Энергетика министрлігі ғана жауапты емес. Электр энергиясы көзі мен оны тасымалдауға Энергетика министрлігі жауап береді, ал оны қайта бөлу мен тұтынушыларға жеткізу ісін бақылауды Монополияға қарсы комитет жүзеге асырады, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті энергетикалық қызмет көрсету нарығындағы тарифтерді қалыптастыру және бақылау үдерісінде Үкіметтің басты рөл атқаратынын атап өтті.

– Жыл сайын Энергетика министрлігі Үкімет отырысында тарифтерді төмендету қажеттігі жөнінде баяндап келді. Бұл мәселелер бойынша Премьер-Министр мен Үкімет шаралар қабылдамады. Осы салада тәртіп орнатуды бәріне тапсырамын. Жауапты ведомстволардың бәрі министрліктің қарамағында болуы тиіс немесе Үкімет бұл үдерісті өзі үйлестіргені жөн, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қ.Бозымбаев Мемлекет басшысына станцияларда электр энергиясын өндірудің шекті тарифтерін бекіту үшін атқарылған жұмыстардың нәтижелері жөнінде мәлімдеді.

– Желтоқсан айының бірінші онкүндігінде сауда бәсекесі өткізіледі. Соның нәтижесінде қуаттылық тарифі анықталады. Сол уақытта осының негізінде электр энергиясының шекті тарифтерін бекітеміз. Олар станциялардың типтеріне қарай әртүрлі болады. Бірақ станцияның түрлеріне байланысты, орташа есеппен алғанда, 5 пайыздан 20 пайызға дейін төмендейтін болады, – деді Энергетика министрі.

Кездесу барысында Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқығын қорғау комитеті тарапынан өңірлік станциялармен және электр қуатымен қамтамасыз ететін ұйымдардың тарифтерін төмендету үшін жұмыс жүргізу қажеттігі туралы айтылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы министрліктің электр энергиясы нарығындағы тарифтерді реттеу жөніндегі тәсілдерін мақұлдап, бірқатар нақты тапсырма берді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.К.Жамаубаевты Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі қызметіне тағайындау туралы

Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаев Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2018 жылғы 29 қараша
№796

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Тимур Мекешұлы Жақсылықов басқа жұмысқа ауысуына байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі қызметінен босатылды.

* * *

Мемлекет басшысының Өкімімен Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаев басқа жұмысқа ауысуына байланысты Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі қызметінен босатылды.

ТҮРКІ ИНТЕГРАЦИЯСЫНЫҢ АРХИТЕКТОРЫ

Еуразия идеясы
– түркі ықпалдастығының негізі

Сонау Кеңес Одағы тарқап, Беловеж келісіміне қол қойылған жылғы тарихи жағдайды қазір еске алудың маңызы зор. Ол кезде тәуелсіздік буы әркімге қанат бітіріп, тоталитарлық кезең өткеннен, яғни КСРО бастаған жолдан және осыған ұқсас қандай да болмасын бір бұрынғыдай одаққа қайта оралудан түпкілікті бас тартылды. Тіпті соған ұқсас одақты құруды да билік басындағы демократтар қабылдамады.

Жумагул САДАНБЕКОВ,
саяси ғылымдар докторы,
қоғам қайраткері (Қырғызстан)

Ал еуразиялық жобаны көздеген Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясы сол кезде сәнге айналған «өркениетті ажырасуды» емес, интеграциялануды мақсат еткен болатын, сөйтіп Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылған еді. Демек, ол уақытта посткеңестік кеңістікте қандай да болмасын бір итеграцияландыру тетіктері, интеграциялық ахуал болған жоқ және біздің ойымызша, еуразиялық идеяның өзі жабулы қазан күйінде жатқан.

Ал енді осы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру Орталық Азия республикаларына, бұрынғы Одақ мұсылмандарына, тіпті барлық мұсылман әлеміне қарсы «славяндық одақ» туралы тезисті насихаттау үрдісіне ұласты. Сол күндері Ашхабадта Орталық Азия мен Қазақстан мемлекеттері басшыларының кеңесі өтіп жатты. Міне, осы кеңесте Назарбаевқа Орталық Азия аймағында түркілік одақ құруға қажеттілік жоқ екені туралы дәлелдеуге тура келді. Президент сол уақыттағы жағдайды «Ғасыр тоғысында» атты кітабында былай деп жазады: «Мен бұрынғы КСРО аймағында түркілер және славяндар одақтарын құру сценарийіне жол бермеуге бар күшімді салдым. Егер ол кезде мұндайға жол берсек, арада көп жыл өткен соң, біздің қандай кепке тап болатынымызды кім білген?!». Ақыр аяғында Орталық Азия елдері «барлық субъектілерінің мүддесін көздейтін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының теңқұқылы бірлескен құрылтайшылары болуға» шешім қабылдады. ТМД-ны түпкілікті құру түйіні алматылық кездесу болды. Сөйтіп Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылысымен, бұрынғы алып елдің құрама бөліктерін «өркениетті» бөлісу жайы да бекітілді.

Содан КСРО таралуына дөп келген осы бір алмағайып кезеңде, яғни 1994 жылы күтпеген жерден Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеу мемлекеттік университетінде «Еуразиялық одақ» тұжырымдамасын жариялады. Бірақ бұл жұртқа ашық аспан астындағы найзағай жарқылындай әсер етті. Әлем демін тартқандай болды.

(Соңы 6-бетте)

ЕЛ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

Әлем таныған Елбасы

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

Сонау тоқсаныншы жылдардың басында егемендік алған Қазақстан демократия жолын таңдап, тұңғыш рет президент сайлауын өткізді. Жалпыхалықтық сайлауда ең көп дауыс жинаған, дәлірек айтсақ сайлаушылардың 98 пайызынан артығы қолдаған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның Тұңғыш Президенті болып тағайындалды. Сол уақыттан бастап ширек ғасырдан артық Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақ елінің көшін бастап келеді.

Елбасы Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен егемендіктің алғашқы қиын-қыстау жылдарында елдігімізді сақтап, қиыншылықтарды жеңе білдік, саяси жүйеде, экономикада, әлеуметтік салада заманауи күрделі реформалар жүргіздік. Олардың нәтижесінде демократиялық бағыттағы зайырлы Қазақстан мемлекеті дүниеге келді, нарықтық экономика жүйесіне көштік, заман талабына сай әлеуметтік саланың даму бағыттары жасалды. Бүгінгі таңда Қазақстан барлық шешуші қырларымен әлем елдерінің бел ортасында. Дәлірек айтсақ, экономикадағы, білім, денсаулық саласындағы көрсеткіштерімен алдыңғы қатарлы елдерге бірте-бірте жақындап келе жатыр. Ғасырлар жүретін жолдың, алатын асулардың ширек ғасыр ішінде-ақ ауыз толтырып айтарлықтай біразын еңсеріп тастадық деп айта аламыз. Бұрын Қазақ тарихында болмаған жолға бет алып, әлем елдерімен өмірдің барлық салаларында ұлы күрес басталды. Оның туын Президент Назарбаев көтерді.

Ғасырлар бойы технология, техника тұрғысынан әлем елдерінің ең соңында титықтап жүрген, өндірісінің деңгейін Кеңес дәуірінде индустриялық қоғам дәрежесіне де жеткізе алмаған Қазақ елін заманауи жоғары техника, технологиялармен жарақтап, ұзап алға кеткен постиндустриялы сатыдағы елдердің, яғни бүгінгі ең озықтарының қатарына алдымен біртіндеп жақындап, түбінде олардың санатына қосылудың ұлы жорығы басталды. Осы жорықты да жан-жақты ойластырып, тікелей оның да көшін бастаған Президент Назарбаев болды. Елімізде он шақты жылдан артық толассыз жүріп жатқан индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы, соның арқасында дүниеге келген 1000-нан аса жаңа кәсіпорын – соның дәлелі.

(Соңы 5-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ (НАРЫҚТЫҚ) БАҒАМДАРЫ: **EUR/KZT 420.44** | **USD/KZT 372.73** | **RUB/KZT 5.53** | **CNY/KZT 53.61**

Тапсырмалардың орындалу барысы жөнінде есеп берілді

(Соңы. Басы 1-бетте)

– 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап төмен жалақы алатын еңбеккерлердің, соның ішінде азаматтық қызметшілердің еңбекақысы 1,5 есе өседі. Сондай-ақ әкімшілік, көмекші және техникалық қызмет көрсететін қызметкерлердің жалақысы артады. Экономиканың барлық саласындағы төмен жалақы алатын 1,3 миллион жалдамалы жұмысшының жалақысы орташа есеппен 30 пайызға көбейеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы әлеуметтік қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесіне өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындарды тарту мақсатымен жыл басынан бері 2,7 миллион адамның 1,8 миллионының мәртебесі жаңартылғанын айтты. Мемлекет басшысы 2019 жылдан бастап Қазақстанның жұмыс істейтін барлық азаматтары үшін Бірыңғай жиынтық төлем енгізу жоспарланып отырғанын атап өтті.

– 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрмысы төмен отбасылар үшін атаулы әлеуметтік көмектің жаңа форматын енгіздік. Соның арқасында биылғы 10 айдың ішінде 103 мыңға жуық отбасы немесе 534 мың адам мемлекеттік қолдау шараларымен қамтылды, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы тиісті ведомство жетекшісіне берілетін шағын несие санын көбейту қажеттігін және олардың халыққа қолжетімділігін арттырудың маңыздылығы туралы айтты.

– Осы жылдың соңына дейін ең төменгі жалақы мөлшерін бір жарым есе өсіретін заңның қабылдануын қамтамасыз ету қажет. Министрлік және әкімдіктер жұмыс берушілердің ең төменгі жалақы мөлшерін арттыруын қамтамасыз ету үшін бақылау орнатып, тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу жөнінде шаралар қабылдауы керек. 1,3 миллион азаматымыздың жалақысы нақты көбеюге тиіс, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап жасына байланысты берілетін зейнетақы төлемдерін 7 пайызға, сондай-ақ мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылған жағдайда берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар көлемін 5 пайызға арттыру қажет екеніне тоқталды.

Басқосу барысында әлеуметтік сақтандыру мәселелері де талқыланды. Осыған орай, еңбек ету қабілетін жоғалтуына, жұмыстан босап қалуына немесе асыраушысынан айрылуына байланысты берілетін әлеуметтік төлемақының орташа көлемін 30 пайызға арттыруды қамтамасыз ету керектігі айтылды.

Қазақстан Президенті мүгедектер санатына жататын азаматтардың өзін-өзі танытуы және толыққанды интеграциясы үшін жағдай жасау мақсатымен Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөнінде жаңа ұлттық жоспар әзірлеуді тапсырды. Бұл құжат мүгедектіктің алдын алу, кең ауқымдағы инклюзивті білім беруді енгізу, ерекше мұқтаж жандарға арналған барлық әлеуметтік және көлік инфрақұрылымын бейімдеу жөніндегі шараларды, сондай-ақ жұмыс берушілер мен бизнестің мүгедектерді жұмыспен қамту ісіне белсенді атсалысуын қамтамасыз ету жөніндегі тетіктерді қамтиды.

Мемлекет басшысы цифрлы экономикаға және 4.0 индустриясына көшуімізге байланысты еңбек ресурстарының сапасына қойылатын талаптардың күшейгеніне назар аударды.

– Сапалы жұмыс орындарын ашу үшін еңбек нарығын дамытудың жаңа тәсілдерін әзірлеу керек. 2025 жылға қарай қосымша 2 миллионға жуық жас маман еңбек нарығына шығады деп болжанып отыр. Жастарымызды тиісті жұмыс орындарымен қамтамасыз ету маңызды, – деді Қазақстан Президенті.

Жиын соңында Нұрсұлтан Назарбаев Президент Әкімшілігіне берілген тапсырмалардың орындалуын бақылауға алуды тапсырды.

Еңбек нарығындағы жаңа мүмкіндіктер

Жаһандық өзгерістер жағдайында әлеуметтік саланы және жұмысбастылықты дамыту мәселелері Астанадағы «Еңбек нарығының келешегі: жаңа мүмкіндіктер» атты форумда талқыланды. Шараны «Шетелдік кеңесшілердің қазақстандық кеңесі» қауымдастығымен бірлесе Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұйымдастырды.

Суретті түсірген Ерлан ОМАР, «ЕҚ»

Рауан ҚАЙДАР,
«Егемен Қазақстан»

Басқосу барысында Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев форумның маңыздылығына тоқталып, елімізде атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етті.

«Біз еңбек нарығының болашағына қатысты барлық сараптамаларды мұқият қадағалап отырамыз және Дүниежүзілік банктің, ЭЫДҰ, Дүниежүзілік экономикалық форумның, Азия даму банкінің баяндамаларымен таныспын. Шынымен де, жаһандық технологиялық өрлеу адам капиталының сапасына, жұмыс күшінің біліктілігі мен құзыретіне жаңа талаптар қойып, еңбек нарығында жаңалықтар пайда болуда. Біріншіден, Индустрия 4.0, «ауқымды деректер», жасанды интеллект және робот техника сияқты цифрландыру мен технологиялардың қарқынды дамуы жұмыс орындарының құрылымын өзгертуде. Сарапшылардың бағалауынша, 2025 жылға дейін шамамен жұмыс орындарының 4% немесе 140 млн-ы жойылып кетуі мүмкін. Ал 80-90% немесе шамамен 3 млрд жұмыс орны күрделене түспек. Бұрынғы кәсіптердің жойылып, жаңа кәсіптердің күрделенуі үкіметтердің күн тәртібіне автоматтандыру нәтижесінде жойылған жұмыс орындарының орнын толтыру, өз елдеріндегі еңбек ресурстарының жаңа дағдыларды игеру икемділігін қамтамасыз ету мәселелерін қойып отыр. Екіншіден, технологиялар мен инновациялар жаңа кәсіптер мен салалардың пайда болуына, демек, жаңа жұмыс орындарының ашылуына сеп болады. Болжам бойынша, жаһандық еңбек нарығындағы жұмыс орындарының шамамен 10% (немесе 350 млн) жаңа кәсіп түрінде ұсынылады. Олар дәстүрлі салалар мен инновациялар тоғысында пайда болмақ. Үшіншіден, жаһандану және технологиялық прогресс гиг-экономиканың дамуына әкеле жатыр, ол қазірдің өзінде жұмыспен қамтудың, өзін-өзі жұмыспен қамтудың неғұрлым икемді формаларын және еңбек нарығына халықтың әлжуаз топтарын барынша тартуды талап етуде. Еңбек нарығы өзгеруде. Былайша айтқанда, «фрилансерлердің» саны артып келеді. Жартылай немесе уақыты ыңғайлы жұмыспен қамту, бірлесіп жұмыс істеу, үйде отырып жұмыс істеу, жылдық сағаттар көлемі сияқты жаңа форматтар кеңеюде, деді Б.Сағынтаев. Үкіметтің жоспарлауынша, алдағы 7 жылда ұлттық еңбек нарығына колледждер мен университеттердің 2 миллионға жуық түлектері шығуы мүмкін. Оларды сапалы жұмыс орнымен қамтамасыз ету қажет. Сондықтан 2025 жылға қарай бір миллионға жуық жұмыс орнын құру бойынша жұмыстар атқарылуда. Бұл үшін жобалық басқару енгізілді, базалық салаларда ғана емес, өндірістерді автоматтандыру және цифрландыру, өнеркәсіпте Индустрия 4.0 элементтерін енгізу, жаңа перспективалы салалар мен сервистік экономиканы құру тұрғысында да жұмыс орындары құрылып жатыр. Екіншіден, Үкімет Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін енгізді. Оның басты міндеті – жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты алдын ала бағалау, мамандардың қажеттілігін анықтау және оларды даярлау, қайта даярлау үшін жүйе құру. Үшіншіден, технологиялық жаңғырту нәтижесінде босап қалатын еңбек ресурстарының ағынын басқару тетігі енгізілді. Барлық өңірлерде ірі кәсіпорындармен жұмыс жүргізілуде.

Сонымен қатар еңбек нарығының икемділігін арттыру үшін 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап еліміздегі алғашқы цифрлы алаң және ең үлкен бос жұмыс орындары мен резюмелер қоры – Электронды еңбек биржасы енгізілмек.

«Оған барлық 200 мемлекеттік және 48 жеке жұмыспен қамту агенттігі, сонымен қатар бірқатар БАҚ пен онлайн-алаңдар қосылған. Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және жұмыс орындарын ашу мақсатында Үкімет жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыруда. 2017 жылдың басынан бері бұл мақсатқа 190 млрд теңге бөлінген. Бұл 1 млннан астам адамның, оның ішінде биыл 430 мың адамның жұмыспен қамтылуына мүмкіндік берді. Бұл жұмыстар жалғастырылады деді Б.Сағынтаев.

Форум барысында халықаралық ұйымдардың өкілдері еңбек нарығына өзгерістер әкеліп жатқан жаһандық беталыстар жайлы ақпарат берді. Әлемдік тәжірибесі мол сарапшылар трендтердің дамыған және дамушы экономикаларға ықпал етуіндегі айырмашылық жайлы әңгімеледі. Дамыған және дамушы елдердің тәжірибесі негізінде жұмысбастылық, білім беру және дұрыс әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету саласындағы өзгерістерді басқару бойынша жоспарлар мен тәжірибелер таныстырылды.

Стипендияны қанша адам алатыны анықталды

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның отырысы өтті.

Серік ӘБДІБЕК,
«Егемен Қазақстан»

Жиынды ашқан Г.Әбдіқалықова Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мемлекеттің барлық бастамалары халқымыздың тұрмыс деңгейін жақсартуға бағытталған. Жұрттың сапалы білім алып, сұранысқа ие мамандығы мен лайықты жұмысы болғанда ғана әл-ауқатымыз артады» деген сөзіне тоқталды.

– «Болашақ» стипендиясы – Мемлекет басшысы ауқымды жаңа жобаларды іске асырудың бірегей тетігі ретінде айқындап берген басым бағыттардың бірі, – деді Мемлекеттік хатшы.

Комиссия отырысында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның хаттамалық тапсырмаларының орындалуы туралы Білім және ғылым министрлігінің есебі тыңдалды, сондай-ақ «Болашақ» стипендиясының жүзеге асырылуына қатысты бірқатар мәселелер қарастырылды.

Комиссияның шешімімен 2019 жылға арналған басым мамандықтардың тізбесі бекітілді. Құжатта 155 мамандық қамтылған. «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтетіндердің санаты анықталды. 2019 жылға 555 стипендия бекітілді.

Стипендия магистратура мен докторантурада оқуға, сондай-ақ әлемнің жетекші ғылыми және өндірістік орталықтарында тағылымдамадан өтуге жолданатын 71 үміткерге тағайындалды.

Жиын қорытындысы бойынша Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова «Болашақ» халықаралық стипендиясын жүзеге асыруды одан әрі жалғастыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Озық технологияны қолдануда озып тұр

Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келген Премьер-Министрдің орынбасары Асқар Жұмағалиев өңірде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Ақ Жайық өңірінде озық технологияны енгізу бойынша жетістіктер аз емес. Мәселен, Орал қаласындағы жоғары аграрлық-технологиялық колледжінде білім саласына BIM технологияны енгізу қолға алынған. Астанадағы ЭКСПО көрмесінен басталған бұл жоба Оралда жалғасын тауып, елімізде тұңғыш рет колледжде «BIM SPACE» виртуальды көрініс кабинеті» ашылды. Осы арқылы шәкірттер озық инновацияны оқу үдерісінде көріп, пайдаланып, жетілдіре алады. «Колледж бітірушілері бәсекеге қабілетті, жоғары деңгейлі маман болып шығады», дейді оқу орнының басшылары. BIM технологиясы – жобалау-салу-пайдаланудың заманауи тәсілі. Облыс әкімі Алтай Көлгінов биыл көктемде Хельсинки қаласына барғанда Финляндия Биснес-Хаб және «Collaprime Oy» компаниясымен арада үшжақты келісімшарт жасасқан еді. Соның нәтижесінде өңірде финдік IT технология батыл енгізіле бастады. Колледж директоры Серік Мұхамбетәлиевтің айтуынша, студенттерді 3D жобасымен оқытатын құрылғыларды сатып алуға және колледж оқытушыларын оқытуға 133 миллион теңге қаржы жұмсалған.

Премьер-Министрдің орынбасары бұдан кейін аудандардан іріктеліп алынған 102 оқушы білім алып жатқан IT лицейдің де жұмысымен танысты. Заманауи жатақханамен қамтылған, робот техника, 3D модельдеу, бағдарлама жасау, IT-парк кабинеттері бар лицей түлектері интеллектуалы жоғары, ашық та озық ойлы мамандар болып шығады.

Бүгінгі таңда өңірде «Smart City» тұжырымдамасына сәйкес «Қолжетімді әкімдік», «Smart Uralsk» орталығы, «Мамандандырылған ХҚКО», «Көші-қон ХҚКО» ашылып, қалыпты жұмыс істеуде. Сондай-ақ жер қатынастары саласында жер ресурстарының бірыңғай порталы ашылып, «Жер учаскесін таңдау актісін бекіту» қызметі автоматтандырылды. Бұрын азаматтар таңдау актісін алу үшін 3 ай күту керек болса, қазір бұл қызмет 5-12 күн аралығында көрсетілетін болды. Келер жылы 60, ал 2020 жылы 33 елді мекен сапалы интернет қызметімен қамтылатын болады, – дейді өңір басшысы Алтай Көлгінов.

Орал қаласындағы медициналық мекемелердің де қағазсыз қарымқатынасқа көше бастағанына біраз уақыт өтті. Нәтижелері өте жақсы. Премьер-Министрдің орынбасары мұның мысалын №3 емхана жұмысымен таныса жүріп көрді. Мәселен, қазірдің өзінде емхана көрсететін 121 есептік қызметтің 108-і қағазсыз атқарылады.

Премьер-Министрдің орынбасары өңірде қолданысқа енгізілгелі жатқан екі қанатқақты жобамен танысты. Оның бірі «112» – бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі. Бұл қызмет облыстық ІІД Жедел басқару орталығы базасында құрылған. Ал екінші «109» қызметі – «Smart Uralsk» жобасына кіретін, Орал қалалық коммуналдық және апаттық қызметтердің Call-орталығы.

Сапардың екінші күні «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг» компаниясының Орал қаласындағы кеңсесінде «Батыс Қазақстан облысының цифрлы түрленуі» атты халықаралық форуммен жалғасты. Жиында әсіресе мұнай-газ саласына озық технологияны енгізу мәселесі талқыланды.

Комиссия отырысы өтті

Кеше Б.Имашевтың төрағалық етуімен Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының отырысы болды. Отырыста 2019 жылы сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыру жөніндегі ұсынымдарды бекіту және Шымкент қаласы аудандарының аумақтық сайлау комиссияларын құру мәселелері қаралды.

Жолдыбай БАЗАР,
«Егемен Қазақстан»

Отырысты аша отырып, ОСК төрағасы Берік Имашев сайлау комиссияларының жаңа құрамдары 2019 жылдың бірінші тоқсанында қазіргі құрамдардың өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты қалыптасуда екенін атап көрсетті. Комиссиялардың жаңа құрамдарын сайлау бойынша мәслихаттардың сессияларын 2019 жылдың 15 қаңтарына дейін өткізу жоспарланып отыр.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның күшіне енген түзетулеріне сәйкес комиссиялардың құрамдарын қалыптастыру тәртібі реттеліп, қолданыстағы құқықтық кемшіліктер жойылды. Алғаш рет аумақтық сайлау комиссияларының жаңа құрамдарында төрағалар немесе олардың орынбасарлары, сондай-ақ хатшылар өздерінің өкілеттіктерін тұрақты кәсіби негізде жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 10-бабына сәйкес аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін саяси партиялардың ұсыныстары негізінде тиісті мәслихаттар сайлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Отырыс барысында 2019 жылы сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыру жөніндегі ұсынымдардың жобасы талқыланды. Пікір алмасу нәтижесі бойынша отырыстың барлық қатысушыларымен келісілген ұсынымдарды Орталық сайлау комиссиясы мақұлдады.

Орталық сайлау комиссиясының мүшелері «Шымкент қаласы аудандарының аумақтық сайлау комиссияларын құру туралы» қаулыны бірауыздан қабылдады.

Аталған қаулымен Шымкент қаласының Абай, Әл-Фараби, Еңбекші және Қаратау аудандарында төрт аудандық аумақтық сайлау комиссиясы құрылды.

ЖОЛДАУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Мемлекеттік басқару тиімділігі – уақыт талабы

Кеше Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесінің бастығы Махмұт ҚАСЫМБЕКОВ еліміздің басты телеарналарына сұхбат берді. Ол Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арналған Жолдауында айтылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардағы формализм мен бюрократияны жою жөнінде атқарылған жұмыстардың нәтижелерін баяндады. Сондай-ақ мемлекеттік аппараттағы жиналыстар санын азайту және құжат айналымын қысқарту мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Осыған байланысты, сұхбат мәтінін оқырмандар назарына ұсынамыз.

– Соңғы кезде жиналыстардың көптігі, сондай-ақ мемлекеттік органдардағы құжат айналымының әлі де болса едәуір ауқымдылығына қатысты мәселелер кеңінен сөз болып жүр. Мемлекет басшысы халыққа арналған Жолдауында осы өзекті тақырыпты көтерді. Бұл жағдайды ретке келтіру үшін қандай шаралар жүзеге асырылып жатыр?

– Естеріңізде болса, ел Президенті биылғы қазан айындағы Қазақстан халқына арналған Жолдауында мемлекеттік органдардың жұмысында формализм мен бюрократияға әлі де жол беріліп отырғанын атап өтті.

Бұл ретте, Елбасымыз жиындар санының негізсіз көбейіп отырғанына, құжат айналымын азайтудың баяу екеніне назар аударды.

Ол «мұндай келеңсіз жағдайды тоқтатып, бұл мәселелерді ретке келтіруді» тапсырды.

Президенттің осындай мәселе көтеруі бекер емес. Көптеген әрі ұзаққа созылатын жиналыстар мемлекеттік қызметшілердің жұмыс режімін үнемі бұзылуына алып келеді. Нәтижесінде, бұл жағдай олардың еңбегінің тиімділігіне және жалпы мемлекеттік аппараттың жұмысына кері әсер етеді.

2017 жылғы 25 тамызда Елбасы «Қазақстан Республикасы Президентінің, оның Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жұмыс регламентін бекіту туралы» Өкімге қол қойған болатын.

Құжатта мұндай іс-шаралардың өткізудің форматы мен уақытына байланысты бүкіл талаптар анық жазылған.

Осыған байланысты, Президент Әкімшілігі барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарда түрлі жиындардың санын қысқарту үшін жүйелі жұмыс жүргізуде.

Өткен жылдың қыркүйегінен бастап мемлекеттік органдардың осы талаптарды орындауына қатысты жанжақты мониторинг жасап келеміз.

Соның арқасында, ахуалды қадағалап, қажет болған жағдайда, мемлекеттік органдардың басшыларына жол берген кемшіліктері туралы ескертіп отыруға мүмкіндігіміз бар.

Нұрсұлтан Әбішұлы қазан айындағы Жолдауында осындай жайттардың бар екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы уақтылы әрі өзекті екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Соңғы айларда бұл мәселеге байланысты біркатар оң өзгерістер байқалды. Мысалы:

● Мемлекеттік органдар жиындарды белгіленген күндерде өткізу жөніндегі регламент талаптарын мейлінше қатаң сақтайтын болды. Мәселені осылайша реттеу отырыстар санын азайтуға ықпал ететіні анық.

● Жиналыстардың жалпы санының азаюы байқалып отыр. 2017 жылдың қыркүйек-қараша айларында 694 кеңес өткізілсе, биыл осы айларда 457 жиын болды. Демек, өткен жылмен салыстырғанда, мемлекеттік органдар кеңестер санын 34 пайызға азайтқан.

● Бірінші басшылардың қатысуымен өтетін отырыстар саны азайды. Мысалы, 2017 жылы қыркүйек-қараша айларында министрлердің қатысуымен 184 кеңес өткізілсе, биыл осы мерзімде 147 жиын ұйымдастырылған. Яғни, 20 пайызға азайды. Министрлердің күнделікті жұмысының көптігін ескерсек, бұл да маңызды.

● Мемлекеттік органдар селекторлық және бейне-конференциялық байланыстың мүмкіндіктерін көбірек пайдаланатын болды. Мәселен, бүгінде әрбір бесінші кеңес селекторлық байланыс арқылы өтеді.

● Сонымен, мониторинг деректері барлық жиналыстардың жалпы ұзақтығы 40 пайызға қысқарғанын көрсетіп отыр.

Әрине мен атап көрсеткен оң өзгерістер бәрімізді қуантады. Алайда қол жеткізген жетістікпен шектеліп қалмаймыз.

Қазір біз барлық мемлекеттік органдардың алдында жиындардың бәрін кешкі сағат бестен кешіктірмей өткізу жөнінде талап қойып отырмыз. Осылайша, мемлекеттік қызметшілердің жұмыс күні алты жарымнан кешіктірілмей аяқталуына мүмкіндік береміз.

Шұғыл әрекет етуді талап ететін және отырыстарды кейінге қалдыруға болмайтын ерекше жағдайларда ғана басқаша болуы мүмкін.

Бұдан өзге ахуалдың бәрінде жиналыстар жұмыс уақытында өткізілуге тиіс.

Соның арқасында мемлекеттік қызметшілеріміз 8 сағаттық жұмыс күнінен соң білімін жетілдіруге, демалуға, отбасына көңіл бөлуге және спортпен шұғылдануға көбірек уақыт жұмсайтын жағдайға бірте-бірте келеміз.

Нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің еңбек өнімділігі артып қана қоймай, олардың толыққанды демалуына да қолайлы мүмкіндік туады.

Енді құжат айналымына келейік.

Соңғы жылдары мемлекеттік органдарда құжат айналымын азайту үшін мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Мәселен, биыл Президент Әкімшілігіндегі құжат айналымының көлемі 2013 жылмен салыстырғанда екі жарым есе қысқарды. Яғни, 625 мың құжаттан 250 мың құжатқа дейін азайды.

Осы мерзім аралығында орталық мемлекеттік органдарда және Астана, Алматы қалалары мен облыстар әкімдіктеріндегі құжаттардың саны 30 пайыздан астам қысқартылды, яғни 4,9 миллионнан 3,3 миллионға дейін азайды.

Мұндай нәтижеге жүйелі шаралар қабылдаудың арқасында қол жеткізілді. Мысалы, орталық мемлекеттік органдарда:

● көптеген құжат түрлері және оларды Президент Әкімшілігіне енгізудің мерзімдік тәртібі оңтайландырылды;

● төменгі ұйымдарға көзделмеген сұранымдар жолдауға тыйым салынды;

● Басшылықтың тапсырмаларына бақылау жүргізудің тәртібі қайта қаралды.

Мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша Конституциялық заңдарға, сондай-ақ Мемлекет басшысының, соның ішінде оның биылғы қазан айындағы Қазақстан халқына арналған Жолдауында берілген тапсырмаларына сәйкес, көптеген құжаттарға бақылау жүргізу орталық және жергілікті атқарушы органдардың құзырына берілді.

Осы жұмыстардың нәтижесінде, Президент Әкімшілігінің бақылауындағы құжаттар саны 40 пайызға азайды.

Біз тапсырмаларға бақылау жасаудан қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған реформалар мен бағдарламалар нәтижелерін бақылауға көшуді көздеп отырмыз.

Құжат айналымын қысқартумен қатар, оны электронды-цифрлы форматқа көшіру жөніндегі жұмыстар да белсенді жүргізілуде.

Қазір «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында мемлекеттік органдар Электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесіне көшіру жүзеге асырылуда. Азаматтардың өтініштерін қараудың электронды жүйесі енгізілуде. Барлық мемлекеттік органдар үшін бірыңғай электронды құжаттар архиві жасақталуда.

Осылайша, біз қолға алынған істің нақты нәтижесін көріп отырмыз. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады. Біз Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арналған Жолдауында берілген тиісті тапсырмалардың толық және сөзсіз орындалуына қол жеткізетін боламыз.

Тарихнамада есесі кеткен ел едік

Біз бір нәрсеге таңғалатынбыз. Бір тарихи озбырлыққа таңғалатынбыз. Еңку, еңку жер шалған, егеулі найза қолға алған кешегі ата-бабаларымыз Еуразия кеңістігінде өшпес із қалдырған. Алайда Жер Ана бетін әжімдеп сайрап жатқан сол іздерге деген өшпенділік те болғанын сезетінбіз. Өшпенділік болатыны – ол заман халықтар бір-бірін қан қақсатқан заман еді.

Смағұл ЕЛУБАЙ,
жазушы

Заманына қарай адамы. Қасқыр заманда қасқыр болмасаң сені екі бүктеп, бір шайнайды. Тістегеннің ауызында, жұтқанның жұмырында кетесің. Сен біреуге бас салмасаң, саған біреу бас салады. Сондай күшке табынған дәуір болды. Қаракұрым халық күштілерге қол соғатын. Төбесіне көтеретін. Алдында құрдай жорғалайтын. Сақ, ғұн, ежелгі түркілер дәуірі солай болды. Біздің сол арғы аталарымыз сол заманға сай өмір сүрді. Жаппай жауынгер болды. Ә дегенге, мә деді. Аттың жалы, атан қомында жүріп еңку-еңку жер шалды. Еуразия кеңістігін шарлады. Күшке табынғандарды, күшпен табындырды. Табанға салам дегендерді табанға салды. Қаңқуйлы қағанаттарды бас идірді. Халқын қырғыннан қорғады. Жерін кеңейтті. Елін көбейтті. Тарих төріне тақ орнатты. Ал бірақ тепеіш көргендер оларға өшікті.

Тепеіш көргендер қылыш ұстай алмаса да, қалам ұстауға шебер еді. Қаруқаламмен көшпенділерде кеткен өшін қағаз бетінде алды. Жылнамаларын жазғанда қылышпен қиқалай алмаған көшпенділерді қаламмен қиқалады. Табалады. Таптады. Жерден алып, жерге салды. Жеңісін кеміс, биігін еңіс етті. Бүгін біз соған да мәзбіз. Жау қолымен жазылған сол бір сарыала қағаздарда әйтеуір ата-бабалардың аты жүргеніне мәзбіз. Жоқтан бар деп. Иенмен құдық қазғандай сол сарыала қағаздардан бабалар ізін іздеумен жүрміз. Даттаса да, таптаса да сол бір дүбірлі дүние дүбірін жеткізген сарыала қағаздарға ризамыз. Тәуелсіздік тұсында біз сол сарыала қағаздар сырын тірнектеуге кірістік. Бірақ заманында жау қолымен жазылған жылнамалар қаншалықты шыншыл?! Қаншалықты бұрмаланды?.. О жағын білмейміз. Бірақ сеземіз. Ежелгі дүние тарихында есесі кеткен халық екенімізді сеземіз. Өйткені заманалар ақиқатын арғы аталарымызға жау жылнамашылар жазыпты. Ендеше, тарихнамада есесі кеткен Елміз.

Ұлы дала тарихы ұрланған тарих деуге лайық. Бұрмаланып, бүркемеленіп қаламы жүйрік жылнамашылардың қанжығасында кеткен тарих деуге лайық.

Араға мыңдаған жылдар салып Ұлы азат дала енді өз тарихын өзі жоқтай бастады. Өз тарихың үшін өзің күреспесең, ол ешкімге керек емес екенін ұқтық. Өз тарихыңды өзің түгендемесең, оны ешкім түгендемейтінін ұқтық. Араға мыңдаған жыл салып та болса Ұлы дала ұлдары осы олқылық орнын толтыруға кірісті. Соның айғағы – Нұрсұлтан Назарбаев жазған «Ұлы даланың жеті қыры». Мақала рухы – оянған Ұлы дала рухы.

Ұлы дала өз тарихында тұңғыш рет өзін-өзі жан-жақты тануға ресми қадам басты. Өйткені оның туы жығылып түнекте жатқан кезінде жоғалтқаны көп болыпты.

Үстем өркениет даланды да, моланды да, тарихыңды да тонапты. Көшпенділерде кеткен өшін еуропацентризм, сөйтіп тәмам тарихтан алыпты. Атабабаларымызды варвар деп табалапты. Ұлы даланы құлаққесті құл ету үшін оның даңқты тарихын күлге аунатыпты, сүмірейтіпті. Сөйтіп бодандық қамытын киген Ұлы даланы идеологиялық төмпештің астына алыпты. Мақсат: тұлымдысын – тұл, айдарлысын құл ету болыпты. Ақыры, сол мақсатына жетіпті. Ұлы дала ұрпағын өз тілі, ділі, діні, тарихына қарсы шабатын мәңгүртке айналдыруға бар күшін салыпты.

Бірақ жыртық үйдің де Құдайы бар. Қазақты қырған империяның өзі қарғысқа ұшырап мұрттай ұшты. Қазақстан тәуелсіздік туын көтерді. Қазақстан Президенті бұдан екі жылдай бұрын сол бодан бостан болуға, рухани жаңғыруға үндесе, бүгін, ғасырлар бойы еуропацентризм езгісінде езілген тарихымыздың енді еңсе көтеруге, бой тіктеуге шақырып отыр. Отандық тарихты тіктеуде, тірілтуде әдебиет пен кино рөлін айрықша атап отыр. Экранда жас ұрпақ еліктейтін супер кейіпкерлер сомдауға шақырып отыр. Ондай кейіпкерлер Ұлы дала жырауларлары есте жоқ ескі заманнан жырлап келген. Тасқа жазылған Тоныкөктен бастап, Алпамыс, Қобыланды, Қамбарлар болып жалғасып кете береді.

Жауынгер ұрпақты жыраулар тәрбиеледі. Ұрпақ рухын көтерді. Қызыл саясат ол дәстүрдің тамырына балта шапты. Тарихын дәріптегендердің талқанын шығарды. Тарихың жоқ деді, болса, Қазан төңкерісінен басталады деді. Осылай оқытты бізді. Осы идеология салдарынан салымызы суға кетті. Қазақтықтан қашып шетімізден орыс бола бастадық. Ұлттық сана сұйылды. Идеологиялық төмпештің сұрапыл болғаны сонша, соның салдарынан әлі арыла алмай келеміз. Әлі жаңғыра алмай келеміз. Ұлт санасын жаңғыртудың түрлі-түрлі тетігі бар. Соның бірі – кино. Тарихи кино.

Ертеңгі Қазақстан – бүгінгі жастар ғой. Жаңғыру жастарға жеткенде ғана өз мақсатына жетеді. Болашаққа жетеді. Ал жастарымыз қайда жүр, қайда отыр? Олар күн сайын шетелдік кинотуындыларды қылғытып кинотеатрларда отыр. Қазақстан тарихына еш қатысы жоқ, шетелдік киноөнімдерді суша сіміріп отыр. Ең болмаса өз тілінде де көріп отырған жоқ. Орыс тілінде қылғытып отыр.

Экран – біздің ең осал тұсымыз. Кинотеатрлар – Қазақстанға тәуелсіз шетелдік идеологиялық империя тәрізді. Бұл ішкі киноимперия соңғы 30 жыл ішінде батыстық рухтағы бір ұрпақ тәрбиеледі. Өкініштісі, ол ұрпақ Батыстың озық үлгілерін емес, алдымен тозық үлгілерін қабылдады. Қоғамымызда атасалтымызға жат, айтуға ауыз бармайтын азғындықтың төбе көрсете бастауы содан деп білеміз. Сонымен экран арқылы Батыстың озығы емес, тозығын алған жастарымыз ертең ел болашағында қандай рөл ойнайды?! Осы сауал – бүгінгі қазақ қоғамының қабырғасына шаншулай қадалып отырған сауал.

Президент мақаласы осынау мезгіл тудырған салмақты сауалға дер кезінде берілген салиқалы жауап болды. Жастарымыз отыз жыл ұдайы Голливудтың қымбат киноларымен ауызданды. Енді оларды арзанмен алдай алмайсың. Қалай жасырсаң да, арзанның жыртығы мен тыртығы көрініп тұрады экранда. Экран – қатал аламан бәйге. Сол бәйгеге қымбат пен арзанды қалай қатар қосуға болады?! Көтерем ат пен жарау атты қалай қатар бәйгеге қосуға болады!? Аламан бәйгеге көтерем ат қосып одан қалай бәйге дәметуге болады?!

Әлемдік киноиндустрияда қаржы қашаннан – шешуші фактор. Чаплиннің «кинода біз қаржыны бірінші орынға қоямыз» деуі содан. Ендеше қабылданғалы отырған кинематография туралы заңда салмақты қаржы салынбаған жерде, сапалы кино да болмайтыны ескерілсе деймiз. Елбасының тікелей тапсырмасымен тарихи санамызда бір серпілткен «Алмас қылыш» (реж. Р.Әбдрашев) өмірге келді. Жалғасы «Алтын тақ» осы Тәуелсіздік күні Елбасы назарына ұсынылмақ. Бүгінде «Қазақфильмде» қазақ мемлекетінің ат ойнатып тарих сахнасына шығу тақырыбын жалғастыратын жемісті жұмыстар жүріп жатыр.

«Мың бала» жеңімпаздары марапатталды

Астанада Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты шараға Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Л.Прокопенко, Парламент Мәжілісінің депутаттары, шығармашылық және ғылыми зиялы қауым өкілдері, этноағарту кешендерінің әдіскерлері және жастар ұйымдарының белсенділері қатысты.

Маржан ТІЛЕУБЕК,
«Егемен Қазақстан»

Салтанатты іс-шара Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Л.Прокопенконың құттықтау сөзімен ашылды.

– «Мың бала» жобасы 2015 жылдан бері Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен «Қазақтану» жалпыұлттық жобасы аясында ұйымдастырылып келеді. Бүгінде бұл жоба әртүрлі ұлт өкілдерінің жастарына қазақ халқының дәстүрін, мәдениетін және тілін үйретуге арналған жақсы бастамаға айналды. Мемлекеттік тіл – бұл жоғары жетістіктерге ұмтылатын, табысты мансабын құратын жастарға арналған «әлеуметтік лифт», – деді ол.

Жобаға қатысушылардың саны жыл сайын артып келеді. 2017 жылы байқауға 252 мың бала қатысқан болса, биыл 271 мың оқушы қатысты. Үміткерлер байқау талаптарына сәйкес эссе, шығарма, диктант жазу және шешендік шеберліктерін көрсету бойынша жарысқа түсті. Марапаттау салтанатына еліміздің барлық өңірінен 48 оқушы мен оқытушы келді.

Леонид Прокопенко жоба жеңімпаздарының арасында Қазақстанның болашақ министрлері, әкімдері, журналистері, дипломаттары мен дәрігерлері бар екеніне сенім білдірді.

– Сіздердің бүгінгі жобадағы табыстарыңыз – бұл бүкіл Қазақстанның табысы. Қазақ тілі мен туған жерге деген ықыластарыңыз үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді, – деді Ассамблея Төрағасының орынбасары.

Үздік эссе, бейнероликтер авторларына Қазақстан халқы Ассамблеясының марапаттары мен естелік сыйлықтары салтанатты түрде табысталды. «Асыл сөз» мектебі номинациясы бойынша – 18, «Еркін сөйле» – бейнероликтер эстафетасы» номинациясы бойынша – 13, «Тіл мектебі» номинациясы бойынша 16 жеңімпаз марапатталды.

Қазақстанды өзгерткен бастамалар

«NurOtanTalks» еркін ой алаңының кезекті іс-шарасы «Қазақстанды өзгерткен бастамалар» тақырыбында әңгіме өрбітті. Тұңғыш Президент күніне арналған басқосуға «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев, «Ұлттық кардиохирургиялық ғылыми орталығы» АҚ-тың басқарма төрағасы Юрий Пя, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі және «Милосердие» қайырымдылық қорының негізін қалаушы, қоғам белсендісі Аружан Саин қатысты.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Соңғы айларда Елбасы, партия Төрағасының тапсырмасы бойынша «Нұр Отан» партиясы өз қызметін жаңғырту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Осы мақсатта көптеген тың бастама мен нақты жоба қолға алынды. Сондай-ақ осыған дейін тиімділігін дәлелдеген кейбір игі бастамалар да жаңаша сипат алып, жандана түсті. Солардың бірі – «NurOtanTalks» жобасы.

Қатысушылар тақырыпқа сай тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың елімізді дамудың жаңа деңгейіне алып шыққан бастамалары мен тарихи шешімдері жайында кеңінен сөз қозғады. Сондай-ақ олар өздерінің Мемлекет басшысымен кездесулерін, бұл оқиғаның өмірлеріне қалай әсер еткеніне тоқталды. Одан бөлек, Елбасының маңызды бастамалары қалай өмірге келгенін, олардың қабылдануына қандай оқиғалардың себеп болғанын және сол бастамаларды жүзеге асыруда өздерінің нақты қандай үлес қосқанын да көпшілікке әңгімелеп берді.

Алғаш болып сөз алған «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев Елбасы шешімдерінің ел дамуындағы рөлі мен маңызына қатысушылардың назарын аударды. Сондай-ақ ол өз тәжірибесіндегі кейбір естеліктермен де бөлісіп, жас қазақстандықтардың ертеңгі күнге деген сенімін күшейте түсті.

Мәулен Әшімбаев еліміз тәуелсіздік алған күннен бастап тұрақты даму жолынан жаңылмай, көздеген межеге батыл қадам басып келе жатқанын айтты. Ол осы уақыт аралығында Қазақстанның Елбасы бастамаларының арқасында экономикада, саясатта және әлеуметтік салада ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жеткенін тілге тиек етті. Партия Төрағасының бірінші орынбасары соның ішінде ел дамуына және қоғамның алға жылжуына айрықша әсер еткен аса маңызды үш стратегиялық бастамаға тоқталып өтті.

– Елбасының үлкен маңызға ие «Болашақ» бағдарламасын Қазақстанның кемел келешегіне салынған инвестиция деп айтуға толық негіз бар. Ширек ғасыр бұрын бастау алған бұл бастама осы уақыттың ішінде 13 мыңнан астам қазақстандық азаматтың шетелдің алдыңғы қатарлы университеттерінде білім алуына мүмкіндік берді. Дәл қазір Мемлекет басшысының осы жобасы өз жемісін беріп, «Болашақпен» білім алған бірқатар білікті азаматтар әкім, министр сияқты лауазымды қызметтерді атқарып жүр. Сондықтан бағдарлама түлектері алдағы уақытта да елімізді жаңа белестерге жетелейтін патриот азамат болып қалыптасатынына ешқандай күмәнім жоқ, – деді Мәулен Әшімбаев.

Білім алудың маңызына тоқталып өткен «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары бүгінде бүкіл әлем төртінші революция дәуіріне қадам басып, жаңа кезеңде өмір сүріп жатқанын айтты. Осындай кезде мемлекеттердің негізгі байлығы табиғи шикізат немесе минералды ресурстар емес, керісінше білімді де білікті, патриот азаматтар екенін еске салды. Сондықтан ол Елбасының 25 жыл бойы жүйелі түрде жастарға қамқорлық жасап келе жатқанын, жас қазақстандықтардың сол мүмкіндікті мүлт жібермей шетелде білім алуға ұмтылу керек екенін айтып, кеңесін берді.

Еліміздің дамуына орасан зор ықпалын тигізген Елбасының келесі бастамасы туралы айтқан Мәулен Әшімбаев бұл істі тарихи шешім деп бағалады.

– Ел дамуындағы ерекше оқиғалардың бірі болған Елбасының келесі стратегиялық бастамасы да «Болашақ» бағдарламасы сияқты әлі күнге дейін Қазақстанды жарқын болашаққа бастап келеді. Ол – Қазақстан Президентінің осыдан 20 жыл бұрын елордамызды Алматыдан сол кездегі Ақмолаға ауыстыру туралы тарихи шешімі. Соның нәтижесінде бүгінде бәріміздің сүйікті қаламызға айналған Астананың іргесі қаланды. Бұл шешімді Елбасы еліміздегі ең бір қиын кезеңде, әлеуметтік жағдайдың ушығып тұрған шағында, экономикалық дағдарыс белең алып, тұрмыстық жағдай тығырыққа тірелген сәтте үлкен тәуекелмен қабылдады. Бүгінде Елбасымыздың бұл қадамы еліміздің экономикалық, әлеуметтік, саяси дамуына тың серпін беріп қана қоймай, Қазақстанда инфрақұрылымның нығаюына, солтүстік өңірлеріміздің жандануына және тәуелсіздігіміздің күшеюіне үлкен әсерін тигізген аса маңызды бастама екенін көріп отырмыз. Қазір Астана тек әсем қала ғана емес, халықаралық өзекті мәселелер шешілетін ірі орталыққа, әлемге бейбітшілік пен келісімді паш етіп тұрған алтын бесікке айналды. Сондай-ақ елордамыз әлемдік қаржы және инновациялық орталыққа да айналып келе жатқанын көріп отырмыз. Сондықтан Астананы тек Қазақстанның ғана емес, халықаралық деңгейдегі құндылықтардың дамуына оң әсерін тигізген ең ұтымды жоба деп білемін, – деді Мәулен Әшімбаев.

Өз сөзінде партия Төрағасының Бірінші орынбасары Астананы мемлекеттік басқару мектебі үшін де өте ұтымды тәжірибе екенін атап өтті.

Ал Қазақстанның әлемдік биікке көтерілуіне әсер еткен Елбасының үшінші маңызды бастамасы ретінде Мәулен Әшімбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасын айтты.

– Үшінші стратегиялық бастама – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуы. Бүгінде жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқан бұл бағыттағы жұмыстардың да ел болашағы үшін маңызы зор. Аталған бағдарламаның бірінші бөлімінде ұлттық кодымызды сақтауға, тарихымызды терең зерттеуге көп көңіл бөлінген. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы да дәл осы бағдарламаның жалғасы екенін атап өткен жөн. Бұл бастаманың тағы бір қыры, яғни екінші бөлімі Қазақстанның әлемдік трендтерге бейімделуіне арналған. Яғни даму мен ұлттық сананы қалыптастыруда жаһанның озық тәжірибелерінен үйреніп, ұтымды тұстарын өзіміздің жұмысымызда қолдана білуіміз керек. Бұл ретте негізгі үміт жастарда екені түсінікті. Білімге құштарлықты және бәсекеге қабілеттілікті арттыру сияқты идеялар мен құндылықтарды дәріптеу осы бағдарламаның негізгі басымдығы. Сондықтан Елбасының аталған бастамалары Қазақстанның оң бағытта өзгеруіне үлкен әсерін тигізгені сөзсіз, – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар М.Әшімбаев Елбасымен бірге жұмыс істеуді өзіне берілген үлкен мүмкіндік деп есептейтінін және Мемлекет басшысының жанында жүріп көп нәрсе үйренгенін айтты. Сондай-ақ ол Қазақстан Президентінің көпке үлгі боларлық басты үш қасиетін де атап өтті.

– Біріншіден, Елбасының үнемі өзін өзі жетілдіріп, ізденіп, жаңа, тың бастамаларды меңгерудегі табандылығын айрықша айтқым келеді. Бұл – нағыз көшбасшыға тән қасиет. Бәріміз, әсіресе жастар дәл осы қасиетті бойына сіңіріп, өздеріне үлгі етуі тиіс. Екінші ерекше қасиет ретінде Елбасының айрықша жауапкершілігі мен өзіне-өзі жоғары талап қоятынын атап өтер едім. Мемлекет басшысы кез келген кездесу мен іс-шараға өте тыңғылықты әрі жан-жақты дайындалады. Өзіме ерекше әсер еткен Елбасының келесі қасиеті ретінде ұқыптылығы мен мұқияттылығын айтар едім. Қандай тығыз жағдай болса да Мемлекет басшысы халықты күткізбей, белгіленген іс-шараларды уақытында бастайды. Бұл – бүгінде билік тұтқасын ұстаған барша азаматтарға үлгі болатын қасиет. Президентіміздің осындай қасиеттерінен өзім де көп нәрсе үйреніп, мол тәжірибе жинадым, – деді М.Әшімбаев.

Одан бөлек, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Елбасының бастамасына үлес қосқысы келген жастардың ең алдымен сапалы білім алып, көп еңбектену керектігін, бұл ретте Елбасының «Болашақ» бағдарламасымен білім алуға ұмтылуы қажеттігін айтты. Өйткені бұл – көптеген елде, тіпті АҚШ-тың өзінде қарапайым халықтың қолы жете бермейтін мүмкіндік.

Өз кезегінде іс-шараға қатысушы «Милосердие» қайырымдылық қорының негізін қалаушы Аружан Саин Елбасымен кездесулердің өз өміріндегі ең елеулі сәттер екенін айтты. Сондай-ақ ол жастарға өздеріне ұнайтын іспен айналасуды, әр істе тек өзіне ғана емес, қоғамға да пайдалы болуды назарда ұстау керектігін айтты.

Ал Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы тек түркі дүниесі үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін маңызды еңбек екенін жеткізді. Оның сөзіне қарағанда, қазірдің өзінде аталған мақала әлемнің тоғыз бірдей тіліне аударылған.

Талай жанға ота жасап, дертіне шипа болған әлемдік деңгейдегі хирург Юрий Пя өзінің еліміздің дамуына үлес қосып, Астанада жұмыс істеп жүруі тікелей Елбасының арқасы екенін айтты.

– Астанаға келмес бұрын 10 жыл шетелде жұмыс істедім. Осыдан 15 жыл бұрын, яғни 2003 жылдың 13 қаңтарында Елбасымен алғаш рет кездестім. Сол кездесуде Мемлекет басшысы елімізде кардиохирургия саласын дамытуымыз керектігін айтып, жаңадан құрылатын кардиохирургия орталығына маман қажет екенін айтты. Осылайша мен Астанаға қайтып келу туралы шешім қабылдадым, – дейді Юрий Пя.

Сонымен бірге іс-шара барысында еліміздің бағыт-бағдарын анықтап, халықтың әл-ауқатын арттырып және Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы абырой-беделін күшейткен Елбасы бастамалары да кеңінен айтылды. Пікірталас алаңына арнайы келген жастар Елбасы бастамаларын жүзеге асыруға тікелей қатысып, сол жолда тер төгіп жүрген азаматтардан өздерін толғандырған сауалдарына жауап алды. Осылайша «Нұр Отан» партиясы Тұңғыш Президент күніне арналған іс-шаралар легін бастап, мерекенің мәні мен маңызын дәріптеуге өз үлесін қосып отыр.

Айта кетейік, елімізде Тұңғыш Президент күні – әр жылдың 1 желтоқсанында аталып өтетін мемлекеттік мереке. Атаулы күн 2011 жылдың 10 желтоқсанында Парламент Сенатының отырысында «Қазақстан Республикасының заңына толықтырулар енгізу туралы» заңнамасына сәйкес бекітілді. Бұл мереке Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекет алдындағы ерен еңбегі мен елімізді жаңа биіктерге бастаған игі істерін жан-жақты тану мақсатында ұйымдастырылған.

Астана процесінің кезекті раунды

Елордада Сирия дағдарысы бойынша Астана процесі шеңберіндегі кезекті, XI халықаралық кездесу болып өтті. Оның қорытындысы бойынша Астана форматының кепілі ретінде Иран, Ресей және Түркия тараптары Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Жақсыбай САМРАТ,
«Егемен Қазақстан»

Мәлімдемені қарсы алушы жақ ретінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов баспасөз мәслихатында жария етті. Онда тараптар Сирия жөніндегі XI халықаралық кездесуді Астанада ұйымдастырғаны үшін Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың және Қазақстан билігінің атына өздерінің алғыстарын білдірген.

Сонымен қатар Бірлескен мәлімдемеде тараптар Сирия Араб Республикасының БҰҰ Жарғысы мен қағидаттарына сәйкес егемендігін, тәуелсіздігін және аумақтық тұтастығының бұзылмауын қолдайды делінген. Осы қағидаттар жаппай сақталып, Астана форматында қол жеткізілген келісімдерді бұзатын барлық әрекеттерге жол берілмеуі керек. Сонымен қатар кепіл беруші тараптар терроризмге қарсы күрес дегенді сылтауратып Сирияның егемендігі мен территориялық тұтастығына қол сұғатын сепаратистік әрекеттерге қарсылық білдіруге келіскені жарияланды.

Мәлімдемеде тараптардың 2018 жылдың 30-31 шілдесінде соңғы рет кездескеннен бергі Сириядағы жағдайдың қалай дамығаны талқыланғаны айтылып, қол қойылған шартқа сәйкес үшжақты үйлесімділікті нығайта беруге келісілгені де сөз болған. Сонымен бірге Идлиб деэскалация аймағындағы жағдай талқыланып, ондағы жағдайды тұрақтандыру жөніндегі Меморандумның орындалуына тараптар дайын екендігі атап көрсетілген. Атысты тоқтатудың маңыздылығы да аталып, алайда деэскалация аймағын құру Сирияның тәуелсіздігі, егемендігі және аумақтық тұтастығына қол сұқпауы керектігі айтылған.

Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі террористік ұйымдар деп таныған ИЛИМ, «Джабхат ан-Нусра» және басқа да «Әл-Каидамен» байланысы бар адамдар мен ұйымдардың жойылғанын қалайды. Ал Сирияның барлық қарулы оппозициясының құрылымдарын бұл ұйымдардан іргесін аулақ салуға шақырады. Сирияда химиялық қару қолданылғаны айыпталып, тараптар осы оқиғаға байланысты кәсіби тексерісті халықаралық Химиялық қаруды қолдануға тыйым салу жөніндегі ұйымның жүргізгенін қалайды.

Сонымен бірге тараптар Жұмыс тобы шеңберіндегі қанатқақты жобаның негізінде тұтқындар алмасылғанын, өлгендердің мәйітін беру жұмыстарының жүргізілгенін қолдайды. Ал босқындардың Отанына оралуына барлық қауіпсіздік жағдайлардың жасалуын қолдайтындығы да айтылған. Сондай-ақ Мәлімдемеде тараптар БҰҰ Бас хатшысының Сирия бойынша арнаулы өкілі С.де Мистуреге кикілжіңді реттеу бағытында жасаған жұмыстары үшін алғыс білдірген.

Сөйтіп кезекті кездесу аяқталды. Ал келіссөздердің келесі раунды 2019 жылдың ақпан айында Астана қаласында өткізілсін деген шешім қабылданды.

Шетелдік дипломаттар Astana Hub жұмысымен танысты

Қазақстандағы дипломатиялық миссиялардың басшылары Astana Hub IT-стартаптарының халықаралық технопаркінде болды. Қонақтарға технопарк инфрақұрылымы мен оның мүмкіндіктері, стартаптарды дамыту және қолдау бағдарламалары мен құралдары, сондай-ақ Hub-тың алғашқы нәтижелері таныстырылды.

Бауыржан МҰҚАН,
«Егемен Қазақстан»

«Жоғары технологиялар әлемді көз ілеспес жылдамдықпен өзгертіп жатыр. Мемлекеттердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігінің басты критериі – инновация. Осы орайда елімізде үлкен жұмыс атқарылуда. Қазақстанның инновациялық әлеуеті жоғары және мүмкіндігіміздің өз деңгейінде бағаланбай жатқанын да байқап отырмыз. Біздің елде талантты және жасампаз жастар жеткілікті. Қазақстан – әлем бойынша сауаттылық деңгейі жоғары мемлекеттердің бірі. Тәуелсіздік жылдарында біз бәсекеге қабілетті оқу орындарын құрдық. Ал бүгін осы әлеуетімізді нақты өндірісте сынайтын уақыт жетті», деді Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің жауапты хатшысы Жанат Қожахметов. Жауапты хатшының айтуынша, шілде айында елде венчурлы қаржыландыру туралы заң қабылданып, шетелдік жұмыс күші үшін визалық және еңбек режимі барынша оңайлатылды. «Алдағы уақытта Astana Hub қатысушыларына салықтық жеңілдіктер жасалады. Жыл соңына дейін осы бастамалардың барлығы заңды күшіне енеді деп үміттенеміз», деді Ж.Қожахметов.

Қазірдің өзінде АҚШ пен ТМД елдерінің инновациялық орталықтарымен әріптестік орнатып үлгерген хабта 150-ден астам топ жұмыс істеп жатыр. Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің хабарлауынша, 2022 жылға дейін стартаптар алаңына тартылатын инвестиция көлемін 67 млрд теңгеге жеткізу жоспарланған. Бұл өз кезегінде отандық экономиканы жаңаша түрлендіріп, елдің экспорттық әлеуетін арттыруға ықпал етпек.

Шараның соңында шетелдік дипломаттар Astana Hub-тағы стартапшылармен сұхбаттасып, алаңның жұмысымен кеңінен танысты. Өз кезегінде хаб өкілдері тек отандық емес, кез келген шетелдік IT-стартапшылардың Астанаға келіп, өзінің идеясын жүзеге асыра алатынын, ол үшін хаб басшылығы тегін кеңсе мен құрал жабдықтан бастап инвестор табуға дейін көмектесетінін айтты.

Атбегілер әдет-ғұрпы ЮНЕСКО тізіміне енді

Қорқыт ата мұрасы мен қазақ атбегілерінің көктемгі әдет-ғұрыптары ЮНЕСКО-ның адамзатқа ортақ материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілді.

Ақжолтай хабар Маврикий астанасы Порт-Луи қаласында өтіп жатқан Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Үкіметаралық комитет отырысында мақұлданды.

«Қорқыт ата мұрасы: эпос мәдениеті, халықтың аңыз әңгімелері мен әуендері» номинациясын Қазақстан, Әзербайжан мен Түркия бірлесе әзірлеп, ұсынғанын бұған дейін хабарлаған едік. Ал «Қазақ атбегілерінің дәстүрлі көктемгі әдет-ғұрыптары» халқымыздың «қымыз мұрындық», «бие байлау» және «айғыр қосу» секілді ғұрыптарын қамтиды.

Қазақстан ЮНЕСКО-ның осы беделді құрылымының жұмысына алғаш рет толыққанды мүше ретінде қатысып отыр. Еліміз биылғы маусымда Парижде өткен 7-ші сессиясында Материалдық емес мәдениетті қорғау жөніндегі конвенция құрамына енген еді.

Осымен адамзатқа ортақ материалдық емес мәдени мұраның репрезентативтік тізіміне енген элементтердің саны онға жетті. Бұған дейін домбырамен күй орындау және киіз үй тігу өнері, айтыс, қазақ күресі, Наурызды мерекелеу, құсбегілік, қатырма нан пісіру, асық ойыны аталған тізімге енген болатын.

Әлем таныған Елбасы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президенттің тікелей басшылығымен, бұрын ешкім білмейтін, ешкіммен айтарлықтай қатынасы жоқ қазақтарды, Қазақ елін әлемге жан-жақты таныстыру басталды. Ол үшін әлем елдерімен бейбітшілік пен жарастыққа бастайтын саясат жасалуы керек еді. Оны да Президент жасады. Әлем елдерінің біразымен өзара тиімді саяси-экономикалық байланыс қалыптасты. Оның да тиімді моделін іскерлікпен жүзеге асыра білген Нұрсұлтан Әбішұлы болды. Осының арқасында Қазақстан бүгін көптеген елдермен тұрақты және өзара тиімді байланысы бар әлемге белгілі мемлекет.

Әлем кеңістігінде басқалармен тең жүретін, білімі мен біліктілігі заман талабына сай келетін ұрпақ өсіру де жоғарыда айтылған жорықтың ерекше маңызды бөлігі болды. Президент ұсынған әлемдегі жарастыққа құшағын айқара ашқан Қазақ елін әлем елдері түсіне білді. Білім аламын, шетелдегі озық үлгілермен сусындаймын деген қазақ азаматтарын ешкім бетінен қақпады. Жүздеген мың қазақ жастары әлемнің дамыған елдерінде болып, заманауи білім алды. Президент ұсынған «Болашақ» бағдарламасы Қазақстанның әр салаларының көшін бастайтын білімді, білікті мамандар дайындау мақсатын қойды. Осы бағдарламамен шетелде оқыған мамандардың алғашқы тобы министрлер, облыс, аудан әкімдері, басқа да жауапты мемлекеттік қызметтерді жемісті атқара бастады. Олардың қатары жылдан-жылға көбеюде.

Сыртқы саясат, дипломатия әлемінде Нұрсұлтан Әбішұлының еңбегі де, беделі де, оған деген құрмет те ерекше. Осы егемендік жылдарында Еуропа, Солтүстік және Латын Америкасы, Азия, Араб елдерінің көпшілігіне барып, олардың кейбіреуіне бір рет емес, бірнеше сапар шегіп, сол елдермен Қазақ елінің тұрақты қарым-қатынасын орната білді. Қазіргі ию-қию заманда әлем елдерінің көбі, алыс-жақын көршілер де бір-бірінің жағасына жармасып жатқанда әлемде ешкіммен қабақ шытыспай, тек достық, түсіністік жағдайда болу – Нұрсұлтан Әбішұлының сыртқы саясаттағы асқан шеберлігі.

Әлем елдері оны жаһандық дәрежедегі қайраткер, саясаткер деп танып, құрметтейді. Соның айғағы – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының кезекті отырысының, осы ұжымды құрған елдердің бірінші басшыларының қатысуымен Қазақстан астанасында өтуі. Бұл – тарихта даму жолына жақында ғана шыққан елдердің ешқайсысында болмаған теңдесі жоқ оқиға. Осыны ұйымдастыруға мүмкіндік ашқан Қазақстан басшысының әлемдегі жоғары беделі, бейбітшілік, жарастық туын көтерген Президентін әр уақытта қолдап отырған қазақ елінің беделі.

Осындай ерен еңбектің арқасында елордамыз әлем елдерінің мәмілегерлер астанасы сипатына ие болды. Алыс-жақын жерлердегі дау-дамайлардың өз елдерінде шешімін таппай, Астанаға келіп, Елбасының ақыл-кеңесін тыңдап, даудың күрмеуі бірден шешілмесе де, тарқатыла бастағанына қуанып қайтқандарды да бір емес, талай рет көрдік. Қорыта айтсақ, біздерді, қазақтарды, әлем сахнасына шығарып, елдігімізді баршаға паш ете алған Нұрсұлтан Назарбаевтай қайраткер тарихымызда бұрын-соңды болған жоқ.

Біздің тіршілігіміз, жалпы адамзат өмірі қазіргі заманда өте тез өзгеруде. Бүгінгі біздің байлығымыздың басты көзі – мұнай мен газдың маңызы азайып, баламалы энергетика, төртінші өнеркәсіптік революцияның кейбір жетістіктері адам өмірінде, ең алдымен дамыған елдерде қолданыла бастады. Мұны тарихта бірнеше рет болған күрделі технологиялық жаңалықтардың анасы деп айтуға болады дейді мамандар. Өйткені бұрын болғандары адамның қара күшіне күш (трактор, механикалық тұрғылар т.б.) қосу үшін жасалған еді, төртінші технологиялық төңкеріс адамның ой-санасын, жасампаздығын, қысқаша айтқанда, адам капиталын еселеп арттыратын жаңалық болып тұр.

Осындай болашақтың күрделі өзгерісін дер кезінде түсінуде де Н.Назарбаев қырағылық танытты. Адам капиталын дамытудың бірден-бір жолы халықты, ең алдымен жас ұрпақты сапалы біліммен сусындату болса, осыны терең түсінген Президент білім саласына бұрынғыдан да күрделі, өте ауқымды реформалау жобасын ұсынды. Қазіргі таңда бүкіл білім-ғылым жүйесінде, балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейін, осы реформалар екпінді түрде жүріп жатыр. Жаңа, сапалы оқу бағдарламасы енгізілуде, жүздеген, мыңдаған мектеп ұстаздары өздерінің кәсіби дайындығын көтеруде, олардың жалақысы да қомақты көтерілуде. Барлық мектептерге кеңжолақты интернет желісі таратылуда, әрбір ауыл мектептерін заманауи мультимедиа құралдарымен жабдықтау алдымыздағы жылдан басталады. Әлем елдерінде ең жоғары сапаға ие болған орта және жоғары мектеп оқулықтары қазақ тіліне аударылып, солардың негізінде шетелдердегідей оқушыларға дәріс беру жүйесі қалыптаса бастады. Бірнеше жыл бұрын басталған балабақша мен орта мектепте, қазақ, орыс тілдерімен қатар ағылшын тілін оқыту бағдарламасы біздің жастарымыздың әлем кеңістігіндегі білім, ғылым, техника, технология жаңалықтарымен оларды қазақ тіліне аударуды күтпей дер кезінде интернет арқылы танысуына жол ашып отыр. Тек биылғы жылдың өзінде білім жүйесіндегі реформаларды іске асыру мақсатымен 2 трлн теңгеден артық қаржы бөлініп отыр. Бұл бұрын-соңды болмаған өте қомақты қолдау. Қорыта айтсақ, ел азаматтарының бүгінде де, болашақта да заманның өктем талабына жауап бере алатын, дүниетанымы жоғары, білімі мен біліктілігі терең ұрпақ дайындау үшін Президенттің тікелей басшылығымен үлкен тағы бір жорық басталды. Соны баршамыз қолдап, іске сәттілік тілейік, ағайын.

Әлемді де, қоғамды да, жеке адамды да күрт өзгертетін төртінші өнеркәсіптік революцияның маңызды саласы – цифрлы технология. Оны жақсы игерген қоғам шаруашылық салаларының тиімділігін еселеп арттырады. Осыны жақсы түсінген Президент көп елдерге барып, мамандармен сөйлесіп, іске асып жатқан цифрлы технологияларды, олардың нақты нәтижесін көріп, халқына «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын ұсынып отыр. Мемлекет тарапынан осы бағдарламаны іске асыруға керек қаржы, басқа да мұқтаждық анықталды. Министрліктер, өңір басшылары, жоғары оқу орындары, басқа да білім, ғылым, технология саласындағы орталықтар осы іске бүгінгі таңда белсенді түрде кірісіп кетті. Бұл іске де сәттілік тілейік, ағайын.

Егемендіктің алғашқы жылдарынан Президент ең алдымен елдің әл-ауқатын көтеріп алу маңызды екенін алға тартып, ірі-ірі экономикалық реформаларды жүзеге асырды. Оның нәтижесін бүгін көріп отырмыз. Ел етек-жеңін жинады, әлеумет еңсесін тіктеді. Ендігі жерде басқа шаруаларға еміноеркін араласуға, соның ішінде елдің рухани ұстынын нығайтуға мүмкіндігіміз жетіп отыр. Осының барлығын күні бұрын стратегиялық тұрғыдан ойластырған Мемлекет басшысы өткен жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», ал жақында «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларын жариялады. Онда жасалған терең тұжырымдар мен жан-жақты дәйектелген бағыттарды өз басым егемен Қазақ елінің қайта түлеуінің тамаша манифесі дер едім. Өйткені ол мақалада айтылған құндылықтардың маңызы ерекше, әлем кеңістігінде қазақты қазақ етіп сақтай алатын құндылықтар.

Осы жоғарыда айтылған іс-шараларды қорыта келіп, егемен ел ретінде асудан астық, арнаға түстік деп айтуымызға болады. Халықтың тұрмысы біртіндеп жақсарып келеді. Бизнесті қолдау, оған мемлекет тарапынан жәрдем күшейді. Ұстаздар қауымының еңбекақысы туралы жоғарыда айттық, дәрігерлер жалақысы да алдағы жылдан бастап өсетіні ресми түрде айтылды. Әлеуметтік саланың басқа қырлары да жақсара бастады. Президент, Үкімет осы әлеуметтік саладағы көптеген олқылықтарды жойып, ел тұрмысын тиянақты жақсартуға кіріскен сыңайы бар. Бұл өте дұрыс қадам, ол тоқтап қалмауы, жалғасын табуы керек.

Халқымыз оянды. Әрбір қоғамдық маңызы бар мәселелерге, оларды талқылауға белсене араласатын қалпын көрсетіп келе жатыр. Үкіметтің әрбір шешімі бұқара халықтың қызу талқылауына түсуде. Осыдан тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Әрбір жауапты шешім билік пен халықтың екіжақты пікір алмасуы негізінде қабылдануы керек. Сонда ғана халық оны қолдап, орындауға көңіл қояды. Президент Үкіметтен, министрліктерден, басқа да жауапты мекемелерден осыны талап етеді.

Сурет «Егемен Қазақстанның» архивінен алынды

> ОСЫНДАЙ ЕРЕН ЕҢБЕКТІҢ АРҚАСЫНДА ЕЛОРДАМЫЗ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ МӘМІЛЕГЕРЛЕР АСТАНАСЫ СИПАТЫНА ИЕ БОЛДЫ. АЛЫС-ЖАҚЫН ЖЕРЛЕРДЕГІ ДАУ-ДАМАЙЛАРДЫҢ ӨЗ ЕЛДЕРІНДЕ ШЕШІМІН ТАППАЙ, АСТАНАҒА КЕЛІП, ЕЛБАСЫНЫҢ АҚЫЛ-КЕҢЕСІН ТЫҢДАП, ДАУДЫҢ КҮРМЕУІ БІРДЕН ШЕШІЛМЕСЕ ДЕ, ТАРҚАТЫЛА БАСТАҒАНЫНА ҚУАНЫП ҚАЙТҚАНДАРДЫ ДА БІР ЕМЕС, ТАЛАЙ РЕТ КӨРДІК.

Пайымдап қарасақ, демократиялық үрдістің жаңа қырына, бұрынғыдан да ізгілігі мол сатысына шығуға бет алғанымыз көрінеді. Президент халыққа ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары осыған жол ашты. Мемлекет тарапынан жасалған іс-шаралардың жариялылығы көбейді. Халық ол шаралардың дұрыс-бұрыстығын айтып, бақылауды күшейтті. Биліктің ең төменгі деңгейінен жоғары деңгейіне дейін құрылған Қоғамдық кеңестер өзекті мәселелерді көтеріп, оларды билікпен қоса отырып шешуге мүмкіндік алды.

Осынау жылдар ішінде Президенттің іскер басшылығымен жүзеге асқан істер сан алуан. Мерейлі мереке – Тұңғыш Президент күні қарсаңында «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп олардың біразын жоғарыда айттық. Бірақ алдымызда талай асулар тұрғанын білеміз, Президент ол туралы өзі ұсынған «Қазақстан-2050» Стратегиясында өте жақсы баяндады. Өркениет жолы – ұлы көш. Ол жолмен ұзақ жүріп, сатыдан сатыға көтеріліп, жаңа сапаға жете беруіміз керек. Бізде өндірістің технологиялық деңгейі төмен. Бірақ соған қарамай әлемдегі экономикалық бәсекеге кірдік те кеттік. Сондықтан алғашқы жылдары тапқанымыздан жоғалтқанымыз көп болды. Өз еліміздің экономикасы жан-жақты дайын болмай, әлем елдерімен еркін саудаға түстік. Жағдай солай болды. Кеңес одағы тарады, Батыс елдері осы жолға түсуге пәрменді түрде итермеледі.

Капиталистік қоғамның алғашқы отаны Англия жаһандық бәсекеге шығу үшін өз өндірісінің қуатын барынша арттыру мақсатымен Тюдорлар заманынан (1485ж.) бастап екі ғасыр дайындалған. Өз елінің экономикасы әлемдегі нарық бәсекесіне дайын болуға Америка Құрама Штаттарына 150 жыл керек болды. Бізде ондай уақыт болған жоқ. Негізгі себептерін жоғарыда айттық. Бізге дайындықсыз нарық жолына шығып, қатарымызды жол үстінде түзетуге тура келді.

Алған бетімізден таймай, ылғи ілгері жүріп отырсақ, халықтың бірлігін, елдің тұтастығын сақтасақ, ұрпақ өсіріп, заман талабын түсіне біліп, осыдан туатын іс-қимылды белсенділікпен жасай берсек, осы айтылған сауалдарға тиісті жауап табылады. Тұңғыш Президент ат үстінде нық отыр. Оның назарында – туған халқының тыныс-тіршілігі, оның назарында – жақсы болашаққа бастайтын асулар. Оның назарында – әлем тынысы, жақсылығы мен қауіп-қатері. Қырағы көз осының бәрін көріп, ой елегінен өткізіп, керегін өз елінің өміріне енгізу қамында.

Тұңғыш Президент күні осы құрметті атақ иесі Нұрсұлтан Әбішұлының өзін, барша халқымызды елеулі мерекесімен құттықтаймын. Заман бұдан да жақсарып, ұлы көшіміз қалпын бұзбай бұдан әрі жалғаса берсін. Тағы да іске сәт, ағайындар!

Цахилгаан ДАГБА,
Әлем моңғолдары конгресінің бас хатшысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор:

Нұрсұлтан Назарбаев жаңа мемлекеттің тарихын жасап жатыр

Менің Қазақ еліне ат басын бұрғандағы басты мақсатым – Қазақстанда құрылған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мен Әлем моңғолдары конгресі бір-біріне мүдделес құрылым болғандықтан осы тарапта атқарылып жатқан істермен танысу. Осы орайда әуелі айтпағым: Қазақстан – дүние жүзіне тарап кеткен қандастарын жинап жатқан аз елдің бірі. Бұл нені білдіреді? Сөз жоқ, бұл оқиға болашақта қуатты, әлеуеті зор ұлыстың іргетасын қалауға жасалып жатқан ұмтылыс. Қуатты, әлеуеті зор ел болу үшін оның экономикасы, мәдениеті дамыған, халықаралық аренадағы саяси салмағы нық болуы тиіс. Қазіргі таңда Қазақстан осы үрдістен табылып отырған Орталық Азиядағы көшбасшы мемлекетке айналып үлгерді.

Одан кейін өз басым Нұрсұлтан Әбішұлына жаһандық геосаясатта орны бар ерекше тұлға ретінде және жеке адамдық қабілетіне зор құрметпен қараймын. Соның бір себебін айтайын: ел ордасы Астананы алып қараңыз, бұл шаһар кезінде Кеңес одағын астықпен қамту мақсатын жүктеген шағын орталық еді ғой. Бүгін қандай? Жеке бір мемлекеттің бет-бейнесін дүние жүзіне айшықтайтын ірі мегаполиске айналып үлгеріпті. Ең ғаламаты, бұл небәрі 20 жылдың ішінде атқарылды.

Бұлардан басқа мені таңғалдырған тағы бір керемет іс – Нұрсұлтан Назарбаев өткен 2017 жылы бар-жоғы екі сағаттың ішінде әлем қазақтары бас қосқан құрылтайды өткізе отырып, оның басшылық құрамын өзгертті. Сонымен қатар бұған дейін атқарылған іске баға беріп, алда атқарылар қыруар шаруаны жоспарлап үлгерді. Қараңыз, сол мезетте-ақ Президент тарапынан міндеттелген жұмыстар ертеңінде атқарушы билік тарапынан дереу қолға алынып, тиісті шаралар қабылданып жатты. Міне, бұл нағыз ел басқаруға лайық тұлғаның қолынан келетін шаруа.

Жалпы әріден алып қарасақ, қазақ пен моңғол түптұқияны бір тамырдан тарайтын халық. Ол жайлы менің жазған кітабым бар. Яғни біз б.з.д. IV ғасырда өмір сүрген көшпелі Ғұн тайпалар одағының ұрпағымыз. Тарихта Мөде деген аса қуатты билеуші болды. Мөде ханның әскери әлеуеті туралы көне қытай тарихшылары таңдана, тамсана баяндайды. Яки тарихымыз тереңдеген сайын тегіміз тоғысады. Бертінде тек тілдік тұрғыдан арамыз алыстағаны болмаса, көне көшпенділер мәдениеті мен тұрмысының жұрнағы сақталған жұрт қазақ пен моңғол ғана. Осы орайда есте болатын дүние – бүгінгі Қазақстан ерте дәуірдегі ғұн мен сақтардың, орта ғасырдағы үлкен ұлыс Алтын орда мен Ақ орданың тікелей мұрагері. Осы ұғым-түсінік тұрғысынан қарасақ, Қазақстан елінің мемлекетшілдік тамыры тереңде жатыр.

Бүгінгі таңда Нұрсұлтан Назарбаев жоғарыдағы байырғы тарихи сабақтастықты сақтай отырып, «Ұлы дала ұрпақтары» немесе «Мәңгілік ел» идеясын ауқымды идеологияға айналдыра білді және дәуірге сай Қазақстан Республикасын өмірге әкелді. Назарбаевтың алысты болжай алатын көрегендігін айтар болсам, ең бірінші ойға оралатыны мемлекет астанасын өте дұрыс таңдай алуы және әлемдік деңгейдегі қала салуы. Біз оған тәнтіміз. Одан кейінгі үлкен ісі – алыс-жақын көрші елдермен тек достастық, ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуға ұмтылысы. Бұл дегеніміз – біздің ата-бабаларымыз көп айтатын «көршімен тату болсаң – бейбіт өмір сүресің» дейтін қағидатының көрінісі іспетті.

Өздерін демократиямен тыныс ашып жүрміз дейтін біздің елдің бәзбір саяси сарапшылары тарапынан «Нұрсұлтан Назарбаев ұзақ жыл ел басқаруда...» дейтін пікірлер айтылып қалады. Бірақ олар Нұрекеңнің дәуірге татитын еңбегін білмейді. Нақтырақ айтқанда, көшпенді бабаларымыздың «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару» дейтін ұғымы осында орындалып жатқанын білмеген адамның пікірі екені анық. Ең бастысы жеке ел болып, дамудың дара жолына түскен мемлекет өзіне тән, ұлттық ерекшелігі мен территориялық орналасу ретіне қарай ең қолайлы жолды таңдауы тиіс. Нұрсұлтан Әбішұлы осы ретте қазақстандық жолды дұрыс таңдады. Бұлай болуы – өз тарихында тар жол тайғақ кешуді көп көрген қазақ халқының бағы демеуден басқа айтар жоқ.

Төртіншіден, әлемдік жаһандану негізін зерттеушілер адам капиталы немесе адами ой-сана қуаты дегенді алға тартып жүр. Бұл бүгінгі заманауи тұрғыдан қоғамды дамытудың локомативіне айналуы тиіс құбылыс. Осы тұрғыдан бажайлап қарағанда Қазақстанда адам капиталын қалыптастыруға басымдық берілген. Бұған бір мысал, елдегі «Болашақ» бағдарламасының нәтиже бере бастауы.

Бесіншіден, қандай да бір мемлекеттің негізгі ұстыны – шекарасы. Кеңес одағы құлаған тұста Қазақстан дәл осы мәселемен бетпе-бет қалды және Нұрсұлтан Назарбаевтың беделі мен саяси сұңғылалығының арқасында бұл өте сәтті шешілді. Осы тұрғыдан пайымдағанда болашақ ұрпақ Қазақстан Президентіне осы ісі үшін рахмет айтады. Өз басым Моңғолия атынан Қытай елінде сегіз жыл төтенше және өкілетті елші қызметін атқардым. Дәл осы тұста Қазақстан басшысы қытайлық әріптестерінің тілін тауып, шекара мәселесін тиянақтады. Сіздер білсеңіздер, Қазақстан көрші Қытай елімен шекара дауын 100 пайыз шешкен жалғыз мемлекет.

Сөзімді түйіндеп айтар болсам, Нұрсұлтан Әбішұлы қытай халқының ұлы реформаторы Дэн Сяопин, сингапурлық Ли Куан Ю, үнділік Махатма Ганди, түрік Кемал Ататүрік сияқты ірі қайраткер. Өйткені бұлар әлемдік тәжірибеде жаңадан мемлекеттік орнатқан, сол мемлекетті жаңа сатыға көтеріп, елдің гүлденуіне ұйытқы болды. Сол секілді Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жаңа мемлекеттің тың тарихын жасап жатқан тұлға.

Жазып алған
Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАБЫСТАРЫ

Қарулы Күштер – ел тірегі

Егеменді ел болу ата-бабаларымыздың аңсаған арманы еді. Арман орындады, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізді. Азат ел болған күннен бастап тәуелсіздігімізді, мемлекетімізді қорғау басты міндеттердің бірі болды. Сондықтан Отанымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қарулы Күштерімізді құру қажеттілігі туындады. Ұлттық қауіпсіздікке, оның ішінде әскери қауіпсіздікке Елбасы Н.Назарбаев алғашқы күннен-ақ баса мән берді.

Біздің басты құндылығымыз – тәуелсіздік. Оның тамырын тереңге жіберіп, мәңгі сақтау бүгінгі біздің де, келешек ұрпақтың да басты міндеті. Осы орайда Қазақ елінің тағдыр-тарихын, қым-қуыт азабын жан-дүниесімен түсініп, елінің ендігі тарихын биік рухта жаңғыртып, жалғастырып әкететін ер мінезді, қазақтың намысынан жаралған хас қаһарман Ер, яғни Елбасы керек болды. Біз осындай тұлғаны жаңылмай, дөп баса таңдап, тағдырымызды қолына бергеніміз күні кеше сияқты еді...

Сәл шегініс жасай сөйлесек, 1991 жылғы 1 желтоқсанда елімізде өткен тұңғыш жалпыхалықтық сайлауда Н.Назарбаев дауыс беруге қатысқан қазақстандықтардың 98 пайызынан астамының қолдауын алып, бүкіл халық сайлаған еліміздің Тұңғыш Президенті болды.

Елбасы болып сайланған Н.Назарбаев сол жылғы 10 желтоқсанда Қазақ мемлекетінің Тұңғыш Президенті мәртебесінде іске кіріскен бетте бірден қолға алғаны – халқымыздың ары мен абыройының қайнар көзі, түп-төркіні – ұлттық намысқа тың мағына дарытты. Бостандықтың да, тәуелсіздіктің де алғашқы қадамы осы болатын.

1992 жылдың наурыз айында Президент Әкімшілігі мен Үкімет қорғаныска, Қарулы Күштерге байланысты көптеген құжаттар дайындап, игі бастамаларға ұйытқы болды. 1992 жылы 8 сәуірде Елбасы өткізген отырыста өз әскеріміз құрылсын деген шешім қабылданды. Бұл шешім Президенттің сол жылдың 7 мамырындағы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығымен бекітілді. Осы Жарлыққа сай еліміздің аумағындағы барлық әскери құрылымдар Қазақстан Республикасының юрисдикциясына алынды. Бұл еліміздің Қарулы Күштерінің құрылуының басы болды. Одан кейін істі жүргізу, тәуелсіздікті сақтау үшін біраз заңдар мен құқықтық құжаттар дайындалды.

Қарулы Күштердің алдында тұрған басты міндеттер 2000 жылы қабылданған Әскери доктринада жанжақты көрсетілді. Мұндай құжатпен халықтың ашық түрде танысуы тарихта бірінші рет жүйелі түрде жүзеге асты. Салаға қатысты жұмыстар қарқын алып, ішкі-сыртқы жағдайларға сәйкес әскери округтер құрылды.

Отан тірегі Қарулы Күштер екені белгілі. Оның дамуына, қалыптасуына тек әскерилер ғана емес, Ата Заңда атап көрсетілгендей, тәуелсіз елдің әрбір азаматы да жауапты. Біздің әскерімізге негізінен Отанымыздың мемлекеттік шекарасын сұғанақ қолдардан сақтау, территориямыздың тұтастығын елдің егемендігін қорғау жүктелген. Ел қорғау халықтық міндет екені Конституциямызда нақтыланған.

Отанымыздың тәуелсіздігін қорғау, егемендіктің сенімді сақшысы болу «мен қазақпын, мен қазақстандықпын» деген әр азаматтың сана-сезімі мен адалдығына сын. Егер осыны түсіне білсек, еліміздің келешегі жарқын, дүниеге келетін ұрпақ қайғы-мұңсыз өседі. Оның бәрі осы күнгі азаматтардың қолында десем артық айтқандық емес.

Қазақстанның шекарасы шегенделіп, көршілес елдермен достық келісімге қол қойылған. Жақында Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін нақтылаған Конвенция бекітілді. Қысқасы еліміздің қауіпсіздігі нығайды.

Елбасы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Н.Назарбаевтың беделінің, дипломатиялық дарынының, көрегенділігінің арқасында еліміздің қауіпсіздігі, көрші елдермен бейбітшілік қарым-қатынасы нақтыланып, заңды түрде бекітілді.

Әскери білім мен әскери кадрлар даярлау мәселелері туралы Н.Назарбаев: «Қарулы Күштердің кадр саясатының негізі, оның кезең-кезеңмен кәсібилендірілуінде» деп атап көрсеткен еді. Бұл бағдарлы сөз басшылыққа алынып, әскери білім мен әскери кадрларды даярлау мәселелерін шешуді жетілдіруде көптеген игі шаралар жүзеге асты.

Қарулы Күштердің әскери академиясы құрылды. Кейіннен бұл академия Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті болып өзгерді. Ақтөбе қаласында Талғат Бигелдинов атындағы жоғары әскери ұшқыштар әскери институты өмірге келді. Кіші мамандар дайындау үшін Кадет корпусы ашылды. Болашақта әскери мамандықты қалайтын жасөспірімдерге де үлкен назар аударылуда. Алматы, Шымкент, Қарағанды қалаларында оларға арналған арнайы мектеп-интернаттар, Астанада «Жас ұлан» мектебі бар.

Әскери доктрина талаптарына сай офицерлік кадрларды даярлауды жетілдірудің бірден-бір бағыты – жаңа әскери оқу орындарын ашу. Осы орайда Радиоэлектроника және байланыс әскери институты ашылғанын да айта кетейік.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен тәуелсіз Қазақ елінде тарихи маңызы зор көптеген істер атқарылды. Соның бірі 1991 жылдың 29 тамызында 40 жылдан астам уақыт бойы адамзатқа қасірет тартқызып, апат қаупін төндіріп келген Семей ядролық сынақ полигонының тұншықтырылуы еді.

Кеңес Одағынан Қазақстанға «мұра» болып жойқын күш – аса қуатты ядролық қару қалған еді. Ол әлемдегі төртінші ядролық арсенал болатын. Туған елінің тыныштығын, адамзаттың қауіпсіздігін ойлаған Н.Назарбаев АҚШ, Ресей, Франция басшыларымен ұзақ та күрделі келіссөздер жүргізіп, нәтижесінде ядролық қаруды Қазақстаннан аластатуға 1994 жылы келісті. Ядролық державалар Қазақстанның тәуелсіздігіне, территориялық біртұтастығына қарсы күш қолданбауға міндеттенді. Қазақстанға экономикалық қысым көрсетуге бармайтындарын мәлімдеді. 1995 жылы соңғы ядролық қару қазақ жерінен әкетілді. Осылайша адамзат тарихында тұңғыш рет жойқын қарудан ерікті түрде бас тартқан мемлекет пайда болды. Ол – Қазақстан.

Елбасымыз Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясының биік мінбесінде тұрып, өзінің туған елін осынау аса мәртебелі халықаралық ұйымға мүше етіп енгізді. Қазақстан осылайша әлем мойындаған егемен ел болды. Бұл қазақ тарихында бұрын-соңды болып көрмеген орасан зор тарихи оқиға еді.

Сурет «Егемен Қазақстанның» архивінен алынды

Елорданың Алматыдан Ақмолаға көшірілуі де – үлкен тарихи оқиға. Елбасы әлемдік тәжірибені ой елегінен өткізіп, Қазақстанның сан ғасырлық тарихы мен тағдырын ескере отырып, оның геосаяси, территориялық, демографиялық ерекшеліктерін назардан тыс қалдырмай ұзақмерзімді басымдықтарды анықтады, таяу болашақтағы межелерді белгіледі. Ал жаңа Астана еліміздің болашағының символына айналғанына енді ешкім күмәнданбайды. Санаулы жылдар ішінде Батыс пен Шығыс өркениеттерінің мәнді белгілерін бойына жинаған әсем шаһар пайда болды. Сөз жоқ бұл дерек Н.Назарбаевтың ел басшысы ретіндегі ғажайып қажыр-қайраты мен ел ісіне бел шеше кірісkenін, сонымен бірге тоталитарлық бұғаудан босанған елдің мемлекеттік басқару жүйесіндегі, әсіресе президенттік институт аясындағы іс-қимылдардың қаншалықты сенім мен серпінге толы екенін де айқын аңғартады.

Қазақстан халқының татулығы мен ынтымағы еліміздің халықаралық аренадағы абыройын арттырып отырғаны сөзсіз.

Елбасы – өз Отанына деген сүйіспеншілігі зор, дүниежүзілік ауқымда танылған Көшбасшы, қазіргі заманның көрнекті саясаткері. Көп жағдайда оның реформалық қызметінің және халықаралық бастамаларының арқасында бүкіл әлем Қазақстанды құрметтейді.

Мұхтар АЛТЫНБАЕВ,
Халық Қаһарманы, армия генералы,
«Қарулы Күштердің ардагерлері»
республикалық қоғамдық бірлестігі
Орталық Кеңесінің төрағасы

ТҮРКІ ИНТЕГРАЦИЯСЫНЫҢ АРХИТЕКТОРЫ

Еуразия идеясы

– түркі ықпалдастығының негізі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда әуелгіде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің саясаткерлері мен ғалымдары тарапынан Назарбаевтың еуразиялық идеясы жеткілікті түрде қолдау таппады. Ресми Мәскеу ешқандай пікір білдірместен, үнсіз қалды. Бірақ сол кезде небір қарсы пікірлер айтылмай да қалмады. Қ.Тоқаев жазғанындай, Нұрсұлтан Назарбаевтың тұжырымдамасына күйе жағушылар да табылды. Олар ресейлік қоғам алдында тұжырымдаманың өңін айналдыра қаралап, Президенттің беделін түсіруге күш салды. Бұл бізге қарсы нағыз жоспарланған, алдын ала әбден ойластырылып ұйымдастырылған ақпараттық науқан екенін түсіндік, дейді ол.

Бірде мен Ресей президентінің көмекшісі болып істейтін Кремль сарапшысымен әңгімелестім. Одан Қазақстан Президентінің тұжырымдамасына Мәскеу неліктен осыншама күмәнмен қарайтынын сұрадым. Сөйтсек, оның сыры саяси қызғанышта жатыр екен. Кремль Нұрсұлтан Назарбаев өзінің еуразиялық идеясымен асығыстық жасаған деп есептепті, өйткені әуелі оны жариялamaс бұрын Б.Ельцинмен және оның айналасындағылармен ақылдасуы керек екен. Солай істегенде, дейді әлгі менің әңгімелесушім, еуразиялық тұжырымдаманың бағы жанатын еді, әйтпесе, бәрібір оны ақпараттық қолдауға Қазақстанның мүмкіндігі жетпейді ғой. Әрине, сол кезде оның біздің ақпараттық әлеуетіміздің әлсіздігі туралы айтқанымен келіспеске амал болмады.

Нұрсұлтан Назарбаев бұл бағытта ешкіммен ашық айтысқа түсіп, пікір таластырған жоқ. Өзінің аймақ бойынша әріптестерімен берік байланысты нығайта берді. Ол Қазақстанда өзге ел басшыларын жиы қабылдап, олармен көптеген кездесу өткізіп, өзі де көршілес мемлекеттерге шақырумен жиі шығып тұрды. «Он бір жыл ішінде мен небір кездесулер мен келіссөздердің куәсі болдым. Олардың арасында өзара хаттамалық-достық шаралар да өтті, бірақ кейде өте терең мәселелер қозғалған ащы да, өткір, қатты сөздер қолданылған келіссөздер де болды», деп жазады Қ.Тоқаев.

Бірде мен өзімнің шағын мұрағаттарымды ақтару үстінде 1998 жылдың қаңтар айында Астана қаласында Н.Назарбаев, И.Кәрімов және А.Ақаевпен бірге өткен кездесудің жазбасын таппым. Бұл кездесу жаңадан тұрғызылған сырты сәнді, іші әдемі президенттік резиденцияда өтті. Соған қарап, осы жайнаған жаңа апартаменттер әсері кездесуді жоғары дипломатиялық күйге бөлеуі керек еді деймін ғой. Алайда кездесу барысы өте қатқыл екпінмен басталды. Оны Өзбекстан президенті болған марқұм Ислам Кәрімов туғызды. Әуелі айтыс өзбек экспорт шарабының Қазақстан аймағында тасымалдануын шектеу жөніндегі біздің үкіметтің қаулысына сай туындады. Одан кейін Өзбекстан президенті Асқар Акаевты қырғыз-өзбек экономикалық қарым-қатынасы жағдайын жетік білмейді деп кейістік білдірді. Сол кезде шараның төрешісі ретінде араға Н.Назарбаев түсіп, сын өзегін өзіне қаратып, дәлелді деректермен тігісін жатқызып жіберді.

И.Кәрімов мүлде келіспеген Қазақстандағы экономикалық реформаға байланысты туындаған пікірталас та есте қалыпты. Онда Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық қаржы институттарымен тығыз байланыс орнатып, шетелдік тікелей инвестицияларды тарту, соған сай салалық реформаларға жағдай жасау керектігін, инфрақұрылым жобаларына алтын-валюта қорын шығындамай, ұлттық валютаның айырбасталымы мен экспортшылардың шектеулерін жеңілдіруге қорықпай қадам жасау қажеттігін алға тартты. Пікірталас ұзаққа созылып, өте қатты өтті. Соның салдарынан дәстүрлі салтанатты кешкі ас та бір сағатқа шегерілді.

Бұл кезде Орталық Азия ішінде жалпы интеграциялық шығынға сай ұлттық мүдде басымдылығы қағидаты қатаң сақталды. Алайда ұлттық артықшылықты өзара келісу жүйесі әлсіз яки ол мүлде жұмыс істемегендіктен арада кайшылықтар үнемі туындап отырды. Бұл, мәселен, өмірлік маңызы бар факторлар – жер мен суды бөлісу мен пайдалануда анық көрінді. Нұрсұлтан Назарбаев Өзбекстанмен арадағы қарым-қатынасқа байланысты «тұрақсыздық әлеуеті және оған тамыздық та бар. Және қандай десеңізші! Өзбектер мен қазақтар шекаралас аймақтарда аралас тұрады, бау-бақшаны суғаруда су үшін үнемі дау шығады. Болмашы кетпен ұрысының арты үлкен дауға айналмасына кім кепіл» деп келісім жайын алға тартты. Өйткені этникалық жолақтар әлеуетті пікірталастар туғызады, бұл жағдайда аймақтың бір-бірінің ісіне араласуы да мүмкін екен. Бұл жөнінде Президент Кәрімов тіптен ашық айтты: «Коммуникация – Өзбекстанның ең осал тұсы. Бізге тек өзірге Солтүстікке ғана шығар жол бар. Құдай сақтасын, бұл жолды тек біреу-міреу жаба көрмесін!» Ал Солтүстік – бұл Қазақстан.

Орталық Азия елдерінің мемлекетаралық қарым-қатынасына шекаралық мәселелер көлеңкесін түсірмей қоймады. Мәселен, қырғыз-тәжік шекарасы 630 километрге созылып жатыр және Қырғызстанның оңтүстігінде 40 даулы учаскені құрайды. Ал даудың негізі, сарапшылар пікірінше, кезінде КСРО Орталық Азия республикаларының арасындағы шекараны бөлгенде, алдымен экономикалық тиімділікті ескеріп, тек сосын ғана этникалық және ұлттық факторларды қаперге алып атүсті белгілеуінің салдары көрінеді.

Шекараны межелеу мәселесі бойынша өзбек-қырғыз келіссөзі өте күрделі және қарама-қайшылыққа толы болды. Бүгінде енді екі туысқан халықтың бақытына орай Өзбекстанның жаңа Президенті Ш.Мирзиёев бұл мәселелерді шешуде қисынды да, сындарлы бағыт ұстанып отыр.

Соңғы жылдары Еуразиялық идеяның өміршеңдігі өмірдің өзімен, саяси тәжірибемен дәлелденіп келеді. Еуразиялық интеграцияның маңызды бір өлшемі ретінде Кедендік одақ, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы құрылып, Біртұтас экономикалық кеңістік келісіміне қол қойылғандығын айтуға болады. Бұлар қазіргі кезде нақты жүзеге асырылған бар дүниелер, болашақты жарқын үгілері, олар іс жүзінде болашақ Еуразиялық одақтың негізін қурап отыр. Бұл Одақты құру барысында ТМД елдерінің жоғары дәрежелі саяси қайраткерлерінің де еңбегі бар екені жасырын емес, әйтсе де ғалымдар Н.Назарбаевтың салған жолы барлық жерден айқын байқалатынын айтады. Оның бұл тынымсыз интеграциялық ұстанымы біздің туысқан елдердің күшін – бейбітшілік, қауіпсіздік, экономикалық өрлеу, діни және мәдени бірігу секілді біртұтас достық аланды құруға жинақтайды. Өйткені интеграциялық процестерге талдау жасау барысы бұл салада Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі зор екенін көрсетеді. Еуразиялық құрылыстың ұшар басында оның жігері, шеберлігі, өзіне тән жолы айқын байқалады, оны өзгемен шатыстыру мүмкін емес.

Қазақстан Республикасы алдымен Кедендік одақтың, сосын 2012 жылдың қаңтарында тұсауы кесілген Біртұтас экономикалық кеңістіктің толыққанды жұмыс істеуіне барынша күш салды. Ақпан айында Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысына кірісті. Мұндағы Нұрсұлтан Назарбаевтың темірдей ұстанымы тараптардың «бір ел – бір дауыс» қағидаты мен бір деңгейде пәтуаға келуі бойынша тең өкілдік ету міндеті.

Сөйтіп уақытпен өзі көрсеткендей, еуразиялық тұжырымдама қазіргі таңдағы қоғамдық сананың аса қажет ететін және тіміді бағытын тап басып отыр. Қазақстан Президентінің жүйелі де дәйекті күш-жігері арқасында «еуразиялық нақтылық» Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің дамуының іргетасын қалап, еуразиялық интеграцияның одан әрі жаңа даму мүмкіндіктерін қалыптастыруда.

Тәуелсіздік жылдарында егеменді Қазақстан әлемге жаһандық қауымдастықтың әлдеқайда үйлесімді де әділ дамуының ойластырылған шешімдерін бірнеше рет ұсынды. Соның бірі, мәселен, 2012 жылы негізделген G-GLOBAL жобасы.

Жобаның алғашқы қағидаттары 2012 жылдың 23 мамырында өткен V Астана экономикалық форумында жарияланды. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев әлем іскерлерінің алдына шығып сөйлеген сөзінде, әділ әлемдік құрылым негіздерін жіктеп берді. Бірінші – «эволюция, төңкеріс емес». Адамзат өткен ғасырда-ақ, саяси революция шегін тауысқан. Сондықтан реформа жолы – бұл XXI ғасырдағы жалғыз жол. Екінші – «әділдік, теңдік және келісім». XXI ғасырда елдерді ұлы және екінші, көшбастаушы және жетекші деп бөлу ескірген. Мемлекеттердің теңдігіне негізделген әлемдік әділ саясат пен экономика қажет. Үшінші – «жаһандық төзімділік пен сенімділік». Мемлекеттер арасындағы байланыс геосаяси салмаққа қарамастан төзімділікке негізделген болуға тиіс. Төртінші – «жаһандық транспаренттілік». Әлем G-GLOBAL – бұл ашық қоғам, онда ешқандай қосарланған қалыптар болуы тиіс емес. Бесінші – «сындарлы көпполярлылық». Міне, осы жанжалдан кейінгі көпполярлылық жаһандық шақыртуларды еңсеруге мүмкіндік беріп, XXI ғасырда адамзаттың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Бұған сенім мол.

Дара тұлға

Тұңғыш Президент күні – Қазақстан халқының мәртебелі мерекесі. Бұл – тарихи таңдау күні, барша отандастарымыздың Елбасы төңірегіне топтасу күні. «Ері жоқ болса, ел жетім, елі бағаламаса, ер жетім» дейді халық даналығы. Тәубе, бізде Елін өрге сүйрейтін Ер де, азаматын құрмет тұтатын Ел де бар.

Ерлан СЫДЫҚОВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры,
ҰҒА академигі

Биыл Отанымыз жетінші рет мемлекеттік мереке – Тұңғыш Президент күнін атап өтіп отыр. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты тұжырымдамалық мақаласы мереке қарсаңында жарияланғанының да рәміздік мәні бар. Бұл – көшбасшы мен халық мүддесі ықпалдастығының көрінісі.

Елбасы күні де қазақ халқының мемлекет болып қалыптасуының маңызды кезеңін айқындайтыны мәлім. Президенттік билік пен тәуелсіздіктің 27 жылдық тәжірибесі Қазақстан үшін осы басқару формасының тиімді екенін дәлелдеп, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Елбасының сарабдал саясатының арқасында Қазақстан Республикасы Орталық Азия өңірі мен ТМД-да алдыңғы орынға шықты. Әлеуметтік-бағдарлы экономикалық бағыттағы бастамаларымыз заманауи, қарқынды дамушы мемлекет құруды қамтамасыз етті.

Осыдан 21 жыл бұрын Президентіміз ел дамуының дақпыл жолын айқындап беретін ұзақмерзімді «Қазақстан-2030» Стратегиясын ұсынғаны мәлім. Салмақты кұжатта өткен күндер бағамдалып, болашақ еншісіндегі іргелі істер межеленді. 1997 жылы осы бағдарламаны жария еткенде Елбасымыз: «Біз нені құрғымыз келеді, таңдаған мақсатымызға жеткізетін дамуымыздың траекториясы, магистралі қандай болуы тиіс, соны анық білуіміз және айқын түсінуіміз керек», деген еді. Айтқаны айнымай келді. Қазақстан халқы аянбай еңбек етіп, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы көш бастап келеді.

Елбасы қасиетті Отанымызды дамыту жолында елдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті темірқазық етіп алды. Ширек ғасырда еліміздің Еуропа төріне шығаруда Тұңғыш Президент еңбегі ересен. Бүгінде Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі стратегиялық құаты күшті, маңызы зор мемлекет ретінде мойындалып отыр. Дәлелмен айтсақ, Азиада алауын жағуымыз, ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп, халықаралық саммит өткізуіміз, Ислам ынтымақтастығы ұйымы мен Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуіміз, әлемдік дін қайраткерлері съезін тұрақты ұйымдастыруымыз, халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесін ұйымдастыруымыз – бәрі де зор мақтаныш, айрықша абырой.

Осы күнге дейінгі жетістіктеріміз Қазақстанның болашағын жаңаша межелеуге мүмкіндік беріп отыр. Келесі кезеңде, яғни 2050 жылға дейінгі Стратегияда инновация, өндірістік-экономикалық серпін темірқазық етіп алынады. Бұйырса, таяу болашақта халқымыздың өмір сүру сапасы орташа еуропалық деңгейге сәйкеспек. Елбасы мұны сеніммен айтты, халық елдік іске бір кісідей жұмылды.

2012 жылы 1 қаңтарда қызметін бастаған Біртұтас экономикалық кеңістік – Елбасының 1994 жылы 29 наурызда М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті ғалымдары мен ТМД саясаткерлеріне ұсынған еуразиялық ықпалдастық идеясының жүзеге асуы. 2000 жылы Астанада Беларусь, Ресей, Қазақстан басшылары қол қойған Еуразиялық экономикалық қоғамдастық туралы шарт кеңістіктің құрылуын жақындата түсті. Бұл қоғамдастық Еуразия даму банкі, Дағдарысқа қарсы қор және Жоғары технологиялар орталығы сияқты қаржылық интеграция тетіктерінің, ең бастысы – ЕурАзЭҚ Кеден одағының іргетасын қалады. Нәтижесінде кеден тәртібі бірізділікке түсіп, бақ тариф пен тарифсіз реттеудің ортақ шаралар жүйесі құрылды.

Елбасы – Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мен аймақтық қауіпсіздікті нығайтуға ерекше ықпал етіп келе жатқан әлемдік тұлға. Мұның нақты көрінісі – Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының (ҰҚШҰ) жарғылық органдарына Қазақстанның төрағалық етуі. Осындай игі бастамаларға мұрындық болған Елбасын саяси сарапшылар «еуразиялық интеграцияның патриархы» деп жоғары бағалады.

Қазақстанның Ислам ынтымақтастығы ұйымына (ИЫҰ) төрағалығы – осы жетістіктердің заңды жалғасы. Ұйымға мүше болғалы 57 елдің ішінде ішкі жалпы өнімнің деңгейі жағынан Қазақстан 12-орынға көтерілді.

Елі қадірлеген, әлем ардақтаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бар қажыр-қайратын, парасат-пайымын мемлекетіміздің игілігіне жұмсап, ұқыт көшінен алға озып, келер ұрпаққа жарқын өмірдің негізін қалап жүргенін халықаралық қырағы сарапшылар мен саясаткерлер жазып-бағалап келеді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылы желтоқсан айында өткен Қазақстан халқы форумында еліміздегі бірлік пен келісімнің ұйытқысы – Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы бастама көтерді. Бүгінде Ассамблея қызметі Елбасы үмітін ақтағаны елдегі береке-бірліктен көрінеді. Әр этнос өкілдері бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай

Сурет «Егемен Қазақстанның» архивінен алынды

тіршілік етіп, жасампаздық туын жоғары көтерді. Бұл ретте осы нәзік саланы ғылыми-әдістемелік жағынан қолдау үшін Еуразия ұлттық университетінде республикада тұңғыш рет арнайы кафедра ашылды. Қазір республика бойынша осындай кафедралардың саны 30-ға жуықтады. ҚХА кафедралары бірлік пен баяндылықты сарапталтын ғылыми-тәжірибе алаңдарына айналды.

Астана экономикалық форумының Еуразия кеңістігінде жыл сайын өтетін салмақты шара екені белгілі. Осы жиынға әлемдік экономикалық қоғамдастық өкілдері, қазіргі және бұрыңғы мемлекет басшылары, Нобель сыйлығының лауреаттары, ғылым әлемінің ғұламалары мен ірі кәсіпкерлер келеді. Президентіміз осыдан 7 жыл бұрын ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы салтанатында Астана экономикалық форумының негізінде «G-global» сұхбат алаңын құруды ұсынды. Бүгінде осы сұхбат алаңы әлемнің 128 елінен 10 мыңнан астам қатысушыны біріктірсе, Қазақстандағы осы шараның жуан ортасында Елбасы негізін қалаған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғалымдары мен білім алушылары жүргенін мақтанышпен айтамыз.

Келісім мен кешірім, үйлесім мен толеранттылық арқауын мақсат еткен Елбасы Қытай, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан президенттерімен бірлесіп, ұзақмерзімді бейбітшілік пен бірліктегі өңір құру туралы декларацияға қол қойды. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің әрбір берекебірлік қадамы да Президент Н.Ә.Назарбаевтың назарында.

Мемлекет басшысының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақалалары – кеше де, бүгін де, болашақта да маңызын жоймайтын ізашар тұғырнама. Елбасы еңбек арқылы нәтижеге жетудің жолын, жүйесін көрсетті. Мысалы, осыдан туындаған «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы, «Әлеуметтік бес бастама» халыққа берері өлшеусіз деп білеміз.

Елбасы тарихты саралап, Қазақ елінің мемлекетшіл мұраты – «Мәңгілік Ел» деп ерекше айтқанда да, елдік берекебірлікті, өңірлік достық және экономикалық қарым-қатынасты, дүниежүзілік өріс пен өрлеуді көздеп айтқанын ұмытпаған абзал. Бұл ретте айтқан: «Бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтық істе жарасқанға бұйырады», деген сөзі бүгін де, болашақта да әлемді, елді ұйыстырады деп есептейміз.

Ал Мемлекет басшысының таяудағы «Ұлы даланың жеті қыры» атты тұжырымдамалық мақаласы – ұлттық абырой бастауын нұсқайтын, елді өнеге өрісіне бастайтын жол, жаңғырған Қазақстанның баянды бағдары. Мақаладағы сүбелі ойлар әлем таныған елдің арғы тарихи әлеуетін аңғарту. Бұл – Қазақстанның өрісті өресі, мемлекетшіл межесі.

Елбасының бұл мақаласын стратегиялық маңызы бар және ғылыми методологиялық мақала деп түсінуіміз керек. Бұл кездейсоқ шыға қалған мақала емес, бұл Елбасының жүйелі, мақсатты қызметінің жалғасы. Өйткені бұдан бұрын Елбасы «Мәдени мұра» бағдарламасын ұсынған болатын, содан кейін «Халық: тарих толқынында», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы ұсынылды. Міне осылай жүйеменен келе жатқан бағдарлама. Сондықтанда Елбасының бұл еңбегін осы үлкен істің жалғасы деп білуіміз керек.

Елбасының мақаласы неге «Ұлы даланың жеті қыры» деп аталды? Өйткені «жеті» деген қасиетті сан, қазақ жеті санына айрықша мән берген. Соның ішінде «Жеті қат көк», «Жеті ата», «Жеті қазына» дейді. «Жеті жұрттың тілін біл» дейді. Барлығын осы жеті санына алып барады. Жеті жиынтық сан, ол жетіден көп те болуы мүмкін. Бұл орайда Елбасы әлемдік өркениетке үлес қосқан жеті қазынаны айтып отыр. Сондықтан жеті бір жағынан қасиетті саналса, екінші жағынан әлемнің қазақтар мекендеп отырған далада табылған, сол жерде мекендеген ұлт пен халықтың ойлап тапқан, тек әлем мойындаған, ғылыми негізде мойындалған құндылықтар ғана сөз болып отыр. Мұның арғы жағында тарихшылардың зерттеуі арқылы табылатын әлі талай-талай құнды дүниелер бары айдан анық.

Тарихи сана мәселесіне келсек, адамзат өзінің ұрпағын әрқашанда өзінен артық тәрбиелеуге тырысады. Саналы ұрпақ – мығым ұрпақ, жанжақты дамыған, толыққанды ұрпақ. Ал саналы ұрпаққа тарихи сана енгізу – ел парызы. Соның арқасында Отанына жаны ашитын ұрпақ тәрбиеленеді. Тарихи санамен қалыптасқан, тарихпен тәрбиеленген ұрпақ еліне сенімді қызмет ететін, үміт артатын, елін қорғай алатын азамат болып қалыптасады.

Жалпы мақаланың ерекшелігі, Елбасы Ұлы даланың жеті қырын тек айтып, тізіп қана қоймай, ойларды нақты ортаға салып, оны шешудің жолдарын да ұсынып отыр. Соның ішінде бізге қатты ұнап отырғаны «Архив – 2025» бағдарламасы. Мұрағат саласын кешенді дамыту мақсатындағы бұл бағдарлама арқылы елдігі жерде Ұлы даланың ұлы тұлғалары ұлықталмақ. Кітаптар басылып, ескерткіштер тұрғызылып, терең зерттеулерге үлкен қолдау жасалады. Кино өнері мен телевизияда қазақ өркениетінің өткені мен келешегіне байланысты деректі әрі тарихи туындыларға басымдық беріледі. Мұның барлығы да ұлттық түптамырымызды жаңғыртуға бағытталған.

Тарихи жад, тарихи сана Елбасы нұсқаған мұрағаттық және мұра тану ізденісімен қалыптасады. Сондықтан бұл еңбек тарихшыларға зор жауапкершілік артып, үлкен міндет жүктейді.

Сонымен қатар тарихты оқытуды, тарихи сананы жаңғыртуды сіңіруде кино мен телевидениені пайдалану аса маңызды. Деректі фильм, тіпті жас ұрпаққа анимация қажет. Әсіресе шетел тілдеріне аударып, әлемге таныта білсек олжа салу деген сол болады. Біз аспаннан түскен жоқпыз, біз бүгін ғана пайда болған ел емеспіз, біздің егемендігіміз, тәуелсіздігіміз, жиырма жылда Астана сияқты қала салуымыз – даму заңдылығының айғағы. Оның негізі ата-бабаларымыздың еңбегінен бастау алады, олар әлемдік өркениетке өлшеусіз үлес қосты. Қазіргі кезде де Ұлы дала ұрпақтары аянып отырған жоқ.

Қасиетті дала құндылықтары ұлтымызбен жасай беретіні елдік деңгейде айтылғаны – қайсыбір жадағай жаһандану амалдарына нақты жауап. Ал енді бүгінде әлемдік нарыққа сай қайта құрылып, жаңарған Қазақстанның жаңа өмір кезеңдері, тіпті керек десеңіз, жаңа тарихы жасалып жатқаны баршаға белгілі. Біз оны ешуақытта ұмытпауға, естен шығармауға тиіспіз.

Дара тұлғаны заман тудыратынын тарих әрқашан есімізге салып отырады. Тарихи тұлғаны өз заманындағы түрлі шешуші оқиғалардан мүлде бөліп қарауға болмайды. Жалпы тәуелсіздік дегенде ел санасында өркенді халқымыз бен Тұңғыш Президентіміз туралы таным-түсінік жаңғыруы тиіс. Нұрсұлтан Назарбаев – әрі өркениеттік, әрі жасампаз тұлға. Оның көшбасшылық болмысында ұлтымыздың асыл мұраттары мен әлемдік және ұлттық өркениет жетістіктері тоғысқан. Мұны Л.Н.Гумилев теориясымен байыптасақ, сөзсіз пассионарлық құбылысына жатқызар едік.

Дана Абайдың ғақлияларында кемел немесе толық адам туралы ой айтатыны естеріңізде шығар. Бұл ұғымның Шығыс пен қазақта айқындалған нақты анықтамасы да бар. Қазақстан халқы үшін күн-түн демей жаһан шуберекке түйіп, әлемдік арнада Қазақстан мемлекетінің іргетасын қалаушы Тұңғыш Президентіміз – сол кемелдікке абыройымен жеткен тұлға. Мұны дүние жүзі сарапшылары айтады, біз оған мақтанышпен куәнамыз.

Елдік мақтаныш, әлемдік мерей баянды болғай деп тілейміз.

Астана философиясы

(Елорда жазбалары/тақырыптық тезистер)

Мәңгілік қашанда мифтің қоршауында жүреді. Мифтің өзі – қайшылықсыз, тұрақты, өзгермейтін форма.

Уақыт – мәңгіліктің кезеңдік өмір сүру қалыбы.

Бүкіләлемдік, дүниежүзілік, қала берді, ұлттық маңызы бар уақыт, кезеннен асқанда, мәңгілік сипатқа ие болады.

1. Кешегі, жылына төрт мезгіл салқар көш түсетін, ұшан-теңіз шалқар дала, көшпелі жұрт маршруты, бүгінде көлік қаптаған қара жолға айналды.

Тегі, атақ-даңқы асқан, сақаралық Ұлы дала (Тәңірі мен Ұмай ана) аңызәфсанасынан (вертикалды логика) жаралған, қазақ қонысы жайлы, азаттық туралы, жаугершілік заманда, алашты күреске шақырған, Асан қайғыдан Нысанбай жырауға дейінгі жеке толғаулар, жаңа кезеңде заманауи тарихи уақиғаларды (Тәуелсіздік жылдары) қамтыған эпостық (кәзіргі қазақ поэзиясы) дастандар (горизонталды логика) көлеміне жетті.

Тікелей байланыстағы әрбір оқшау аңыз пафосы, жеке әфсана қаһарманы туралы философия кейін жұртпен бірге, қатар өмір сүретін халықтық эпосқа айналады.

2. Астана – постмодернистік (модерндік) архитектуралық сана, адамзат ақылойы жеткен меже, озық сәулет өнері, ғылыми-техникалық дамудың, технологиялық табыстың көрінісі.

Күрделі конструкциялық шешімдердің, алдыңғы қатарлы, үздік құрылыстықинженерлік ойдың жемісі.

Ғылымнан жаратылған қала, философиялық толғаныстан туған шаһар.

Біздің мифологиялық қуанышымыз, ақыл-ой, сана-сезім, тылсым-түйсіктің қосылған тұсы, бар қаһармандары бақытына жетіп, күллі халқының арманы орындалған ертегідегі елді мекен.

3. Астанада айтылған әрбір сөздің жалпыхалықтық сипаты, елдік қасиеті, абыз оқыған дұғадай киесі бар, күші әсерінен біліпеді, қуаты тау қопарады, тас тіледі, дауысы жер жарады.

Ой-қиялдан өрнек салған елорда – жарқын келешектің кескін-келбеті, асыл мұратқа талпынған Қазақстан образы, есейген елдің кейпі, тәуелсіз мемлекеттің символдық бейнесі.

Елорда елмен бірге жайнап, ең даламен қатар құлпырып, дамып, өсіп-өніп келеді.

Бас қала бойынан киіз туырлықты қазақтың қасиет-құндылықтарын, мінезқұлқын көруге болады: өр, еңбекте бейнеткор, тапсырмада белсенді, қиялында ұшқыр, білімде озат, жұмыста озық, тәрбиеде өнегелі.

Әр алашқа туыс, бар қазақ жұртына мақтаныш, елдің еңсесін көтеріп, халықтың бойын тіктеген рух.

Көрмеген көруге асығатын, көрген кете алмайтын, кеткен ұмыта алмайтын қала.

4.Ерте тұрған қазақ елорданың уақытымен жүреді, кеш оянған қазақ Астанаға қарап сағатын түзетеді.

Астана уақыты – қазақтың уақыты. Бар Қазақстан жұртшылығы қайда жүрсе де, қайда өмір сүрсе де, Әнұранды шырқап, тегіс қатар жатып, түгел бірге оянады.

Астана сағаты азат шақтың алтын мезгілін көрсетеді.

Елорда төрт тараптың басын қосқан жол торабы, жан-жаққа жол сілтейтін жолайырық. Шартараптың қиылысы. Қазақ сақарасы, алаш аймақтары, елді мекендерден шыққан көштің бәрі тегіс Астанаға апарады.

5.Қазақ деп соққан алаш жүрегі алып-ұшып Астананың алып жүрегімен бірге, қателеспей, жаңылмай, адаспай, қатар соғып тұрады.

Бағы жанып, байрақ тағып, бар қазақ үкілеген азат күннің алтын таңы атқалы бақыттың бар екені алаш есіне түсті.

Азаттың қорлық түні ұмытылды.

Жазиралы гүл-бәйшешек жерінде, жарасып гүлдесте көшет легінде, ертегі еліндей жүреміз шалқып, жүргенде Елорда көшелерінде.

Бас шаһар. Елбасының төл перзенті.

Дидар АМАНТАЙ,
жазушы

Елбасының ерен еңбегі

«Президент Назарбаев – кеңестік саясаттағы жарық жұлдыз, түрлі республикалар арасындағы ірі тұлға. 50 жасар Қазақстанның лидері – белгілі деңгейде қатал, тәжірибелі, жедел шешім қабылдай алатын адам. Одақтың басқа республикаларының өзі мойындаған жылы шырайлы, талантты және табанды басшы. Назарбаев республиканы басқарып тұрғанда, Қазақстанның табыстарға жету мүмкіндігі мол болады», депті тәуелсіздіктен бұрын-ақ XX ғасырдың ұлы реформаторлардың бірі Ли Куан Ю. Осы пікірді оқи отырып, оның соншалықты кісі тани білетін данышпандығына, көрегендігіне таңғалмауың мүмкін емес.

Такир БАЛЫҚБАЕВ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, профессор

Сурет «Егемен Қазақстанның» архивінен алынды

Сол айтқандай, кеңестік жүйеден шыңдалып шыққан Нұрсұлтан Назарбаев – тәуелсіз мемлекеттің негізін қалап, оның өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан біртуар тұлға, экономиканы қарқынды дамыту мен халықтың әл-ауқатын арттыруда айрықша табыстарға қол жеткізген кемел көшбасшыға айналды. Ол – бабаларымыздан келе жатқан ұлы арман – тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолындағы қиын белестерден халқын аман алып өтіп, тарих төрінен өз орнын алды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев туралы АҚШ конгрессмені Крис Кэннон былай деген еді: «Мен жас Қазақстанның дамуын үлкен ықылас қоя қадағалап жүрмін, 1991 жылы бұрынғы Кеңес Одағынан тәуелсіздік алған сәтінен бастап, бұл ел таңғаларлық саяси және экономикалық жаңғыруларды басынан кешірді. Қазақстан қарыштап алға басып келеді, әрі дұрыс бағытта келе жатыр. Қазақстан қалыптасты, бұған оның басшысы Н.Назарбаевтың сіңірген еңбегі үлкен. Мен Қазақстан табыстарының сәулетшісі Президент Н.Назарбаевтың саяси көрегендігін жоғары бағалаймын, ол айтылып жатқан сындарға қарамастан, елін қуатты экономикалық мемлекеттердің қатарына қосып, бұрынғыдан да ауқымды саяси реформалар жасауға кірісті». Біздің Елбасымыздың бүкіл еңбегі осы бірнеше жолда тамаша көрініс тапқан сияқты.

Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы экономикамен бірге білім және ғылым саласын дамытуға айрықша көңіл бөліп келеді. Бүгінгі таңда еліміздің білім жүйесі жаңа заманға лайық әрі халықаралық стандартқа сәйкес жетіліп келеді және оның отандық үлгісі қалыптасуда десек, мұнда Елбасы Н.Назарбаевтың инновациялық ой-тұжырымдары мен тікелей қамқорлығының маңызы зор болғанын атап өтуіміз қажет.

«XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз. Демек, барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт». Бүгінде Президенттің осы тапсырмасын ұстанған еліміздің білім саясаты әлемдік аренадан өз орнын нақтылауда. Себебі білімді де білікті маман-кадрлар экономиканы қарқынды дамытуда маңызды ресурс болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарындағы отандық білім беруде жинақталған тәжірибені талдап қарасақ, еліміздің білім беру жүйесі әлемдік стандартқа біршама жақындап қалғанына нақты деректер көз жеткізеді. Осы үдерістің бүгінге дейінгі нәтижелі атқарылып келуіне, әлбетте, Елбасының әр жылдардағы еңбектеріндегі, әсіресе оның Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы жолдауларындағы еліміздің білім жүйесінің сапасын арттыруға, стратегиялық міндеттерін шешуге бағытталған түбегейлі қайта өзгертулердің қажеттілігін туындататын инновациялық ой-пікірлері мен мемлекеттік стратегиялық бағдарламалары негізгі ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік бағыт-бағдар болып, еліміздің білім беру саясаты мен оның жүйесін қалыптастыруға мол мүмкіндік бергенін байқау қиын емес.

Содан бері бүкіл Елбасы атап көрсеткен мәселелерді жүзеге асыру үшін ғылыми-практикалық жобалар мен тұжырымдамалар және стратегиялық бағдарламалар жасалып, қыруар жұмыстар атқарылды.

Мен жуырда ғана Мемлекет басшысының қабылдауында болып, отандық білім саласына қамқорлығын шын жүрегіммен сезінгендей болдым. Кездесуде Мемлекет басшысына оқу орнының қызметі және «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» тақырыбындағы Жолдауды іске асыру аясында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде есеп бердім. Президентіміз еліміздегі жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру және дамыту үдерісіндегі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің рөлін ерекше атап өтті. «Бұл университет – Қазақстанның алғашқы жоғары оқу орындарының бірі. Еліміздегі жоғары білім беру жүйесінің негізі осы оқу ордасынан бастау алады деуге болады. Сіз және бүкіл оқытушы-профессорлар құрамы отандық білім беру ісіне алдағы уақытта да үлес қосатындарыңызға сенемін», деді Елбасы. Сондай-ақ ол «Мен сіздердің 90 жылдық мерейтойларыңызға өзім келейін деп едім, бірақ мүмкіндігім болмады. Сондықтан арнайы Құттықтау хатымды беріп, Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықованы жібердім. Менің бұл университетке көзқарасым ерекше. Мен сізді университеттің 90 жылдығына байланысты бүкіл ұжым атынан қабылдап отырмын. Ұжымыңызға менің құттықтауымды жеткізуді тапсырамын», деді.

Жарты сағатқа созылған бұл кездесуде көптеген маңызды мәселе көтерілді. Президент, біріншіден, университеттің 90 жылдық мерейтойын қалай өткізгенімізді, екіншіден, қазан айындағы Жолдауды орындау үшін қандай жұмыстар атқарып жатқанымызды, үшіншіден, Педагог мәртебесі туралы қабылданатын заңға байланысты атқарылатын жұмыстарды, төртіншіден, университеттің бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін не істеу керегін сұрады. Мен Елбасына университеттің 90 жылдық мерейтойына байланысты атқарылған іс-шараларды, оның ішінде Еуразиялық педагогикалық жоғары оқу орындары қауымдастығының форумын, математикалық модельдеу жөніндегі халықаралық конференциясын өткізгенімізді, француздық жоғары оқу орындары басшыларымен әріптестік туралы бірнеше келісімшарттарға қол қойғанымызды, Түлектер форумын және Салтанатты мәжіліс өткізгенімізді және бұл іс-шараларға шетелдерден 200-ге жуық ғалымдар, 70-ке тарта жоғары оқу орындарының басшылары қатысқанын атап өттім. Сонымен бірге Елбасының қазан айындағы Жолдауына байланысты алдағы жылдары қабылданатын «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасын жасап, Білім және ғылым министрлігіне тапсырғанымызды, жалпы, Жолдау бойынша тиісті іс-шаралар жоспарын бекітіп, жұмыс істеп жатқанымызды жеткіздім. Елбасының бәсекелестікке қабілетті университеттер қатары көбейіп тұрған қазіргі таңда оларды қалай басып озасыңдар деген сұрағы да көңілге терең ой салды. Осыған байланысты мен университеттің стратегиялық жоспары бойынша 2025 жылға қарай Еуразиялық одаққа мүше елдердің 45 жоғары педагогикалық оқу орындары арасында көшбасшылыққа талпынып отырғанымызды, QS World University Rankings әлемдік рейтингінде 2018 жылдың қорытындысы бойынша 481 орынды иеленіп отырсақ, 2025 жылға қарай 450 орынға тұрақтауды мақсат етіп отырғанымызды айттым.

Мемлекет басшысы әлемдік үздік университеттермен байланысымыз, Сорбонна-Қазақстан институтының жайы туралы сұрады. Мен бүгінде Абай атындағы ҚазҰПУ жаһанның 27 мемлекетінің 150-ден астам беделді университеттерімен байланыс жасап отырғанын, халықаралық қатынастар саласындағы әріптестіктің аясы жыл сайын кеңейіп келе жатқанын Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Франция Президенті Франсуа Олландтың қолдауымен Абай университеті базасында ашылған Сорбонна-Қазақстан институтын бүгінге дейін 77 магистрант бітіріп, олар Франция мен Қазақстанның екі бірдей дипломын алып шыққанын, бүгінде бұл оқу орнының әлеуеті артып келе жатқанын, онда жұмыс істейтін оқытушылардың көпшілігі Париж Сорбоннасы университетінің профессорлары екенін Елбасының қаперіне салдым.

Өз кезегінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің биылғы Жолдауында оқыту және ағарту қызметі мен студент жастардың жағдайын жақсарту мәселелеріне баса мән берілгенін айтты. «Педагог мәртебесін арттыру – маңызды міндеттердің бірі. Осы міндетті жүзеге асыру барысында университеттеріңіз алдыңғы шепте болуға тиіс. Бұл мәселені жан-жақты пысықтау қажет», деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент университеттің қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогресс талаптарына сай болуы керек екенін қадап айтты. «Әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарымен ынтымақтасып, байланыс орнатқан жөн. Тәжірибе алмасып, бірлесе жұмыс істеу қажет. Сондай-ақ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің мәртебесін арттыру жөніндегі жұмыстарды жалғастырудың маңызы зор. Сіз басқаратын университет педагогикалық білім беретін басты оқу орны болуға тиіс», деген Н.Ә.Назарбаев психолог мамандарын көптеп дайындауды, мұғалім дайындаудың сапасын арттыруды, оқу бағдарламасын жаңартуды, педагогикалық ғылымды дамытуды, келесі жылы өткізілетін «Жастар жылына» байланысты жастар саясатын жан-жақты жүргізуді тапсырды. Сонымен бірге университет түлектерін жұмысқа орналастыру мәселесімен тиянақты айналысуды, латын графикасын енгізуге байланысты оқу-әдістемелік құралдар даярлауды жеделдетуді ұсынды. Осы кездесуде Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің бес әлеуметтік бастамасына байланысты студенттер жатақханасын салудың жайын сұрады. «Биыл жер телімін алып дайындалып отырмыз, студенттер жатақханасының құрылысын келер жылы бастаймыз» деп едім, ол кісі ризашылығын білдірді. Тіпті «Сіздерге қандай көмек керек?» деп әкелік қамқорлығын да білдіріп жатты. Ал университет ұжымына алғыс айтып, қайта-қайта сәлем жолдауының өзі Елбасының қарапайымдылығы мен зор адамгершілігінің белгісі. Бұл кездесуден мен рухани байып, қанаттанып қайттым, университет ұжымына Елбасы сәлемі мен тапсырмаларын жеткіздім.

АЛМАТЫ

Түркі әлемінің бесігі

Белгілі ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла ЕСІММЕН әңгіме

– Ғарифолла аға, Елбасы «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында Алтайды Ұлы даланың бесінші қыры ретінде атап өтті. Бұл Алтайды бүгінгі күн тұрғысынан тағы бір мәрте ой елегінен өткізіп, жаһандық ауқымдағы құндылық ретінде ұлт жадында жаңғыртудың қажеттілігін ұғындырғандай. Осыған қатысты не айтар едіңіз?

– Алтай – ежелгі түсінік. Қазақ халқының жұрт болып қалыптасып, Еуразия кеңістігіне тараған құт-мекені. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында түркілер ұлан-ғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырғанына, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың өсіп-өркендеуіне жол ашқанына тоқталып: «Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан», деп жазды.

Алтай жайында айтпас бұрын аз-кем әл-Фараби және Қожа Ахмет Ясауи бабаларымыз туралы сөз етейін. Әл-Фараби 870-950 жылдар аралығында өмір сүрген. Ол туралы араб, парсы дүниесінде жиі айтылады. Арабтар да, ирандықтар да әл-Фарабиді «өз адамы» деп санайды. Олай айтуға негіз – Фараби еңбектерін араб тілінде жазған. Бағдат қаласында ғұмыр кешкен. Әл-Фараби ғылымдарды жіктеуді арифметикадан бастап, метафизикамен, яғни пәлсапамен аяқтаған. Ағылшын ғалымы Карен Армстронг «Нағыз пәлсапаның негізін салушы Әбу Насыр әл-Фараби» деген. Пәлсапа әл-Фарабиден басталса, біздің зерттейтініміз осы ғұлама мұрасы болуы керек.

Түркі дәуірінің ғұламасы – Қожа Ахмет Ясауи. Ол кісі сопытақуа. Араб әрпімен түркі тілінде «Диуани Хикмет» («Даналық кітабын») жазған. Қожа Ахмет Ясауи түркі жұртына жаңалық әкелді. Ол еңбегін араб әрпімен түркі тілінде жазып, сопылықтың түркілік бағытының негізін қалады. Ясауи – ойшыл. Ол – исламның шарттарын мойындаушы әрі орындаушы. Алланың бір, пайғамбардың хақтығына ол шүбә келтірмеген. Оған тақуалық өмірі дәлел. Ол ойшыл болғанмен, исламның негізгі қағидаларын мүлтіксіз орындаған.

– Алтайды жырына қоспаған ақын, әніне арқау етпеген сазгер аз шығар. Алтайдың құдіреті неде?

– Жоғарыда айтылған екі ғұлама еңбектері рухани байлыққа жатса, Түркі әлемінің алтын бесігі аталған Алтай өңірінде материалдық мәдениеттің үздік үлгілері табылуда. Берел, Шілікті, Елеке сазы елді мекендерінде әлемдік деңгейдегі архифактор табылып, насихатталуда. Бұл өркениеттік үрдісте Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметовтің еңбегі ерекше. Ол кісі өзі бас болып, «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларды жүйелі түрде 2016 жылдан бастап, қатарынан 3 рет өткізді.

Айталық, Өскемен қаласында 8 қыркүйекте өткен «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» деген іс-шараға Ұлыбританияның Қазақстандағы елшісі Кэролин Браун және Моңғолияның Қазақстандағы елшісі Лувсан Баттулга қатысты. Өзге де шақырылған түркі әлемінің ғалымдары өз ойларын ортаға салды. Археологтар: Зейнолла Самашев, Әбдеш Төлеубаев шамамен біздің дәуірімізге дейінгі VII ғасырларда өмір сүрген сақ ханзадалары жерленген қорғандарда зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижелерін жұртшылық назарына ұсынды.

Тарбағатай ауданынан табылған Алтын адам – Алтайдың алтын ғасырының адамы. Адамға құрмет болса, осындай болуы керек. Алтайлықтар бек құрмет тұтатын адамын көзінің тірісінде ғана емес, дүниеден озғаннан кейін де алтынмен аптап қойған. Мұндай жағдай әлем халықтары ішінде тек Сақ мәдениетіне тән. Ендігі жерде мен сақ дәуірінің данышпаны б.д.д VI-VII ғасырларда өмір сүрген Анахарсистің Алтай өңірінен шыққанына еш таластың жоқтығына көзім жетті. Алтайдың Анахарсисі ой маржанына ие, Алтын адам – Алтайдың алтын ғасырының адамы. Бабалар мінезі – архетип. Міне, соны археологтар оятуда. Алтын адам – тек архетип қана емес, ол Алтын идея. Ол – тарихи сана.

Елбасы өзінің мақаласында тарихи сананың кеңістігі және уақыты туралы терең әңгіме қозғаған. Бұл – кең-байтақ Қазақ елінің қай өңіріне болсын қатысты шындық. Маңғыстау, Атырау, Орал, Ақтөбе өңірлерінен бастап, тегіс Жетісу, Сарыарқа бәрін тұтас алғанда, жеке-жеке алғанда әрбір тарихи оқиғалардың түп-тамыры – қазақ халқы қалыптасуының негізі.

Біз барымызбен мақтанамыз. Біз барымызды келер ұрпаққа мұра ретінде ұсынамыз. Біз барымызды біліп, танып, зерттеп ол архифакторды тек мұражайларға ғана орналастырып қоймай, оларды әлем халықтарының назарына ұсынып, өзіміздің тарихта кім болғанымызды, қандай рухани, материалдық құндылықтарға ие болғанымызды және оларды өмірге келтіріп, бүгінгі күнге жеткізгенімізді айтуымыз қажет.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен
Азамат ҚАСЫМ,
«Егемен Қазақстан»

Шығыс Қазақстан облысы

Газ келді – жаз келді

Еліміз бойынша үш жоғары технологиялық компрессорлық станса іске қосылды

Сексеуіл стансасына тағы келдік. Қызылорда облысының Ақтөбе облысымен шектесетін ең соңғы иінінде отырған атақты станса соңғы уақытта үлкен оқиғалардың куәсіне айналды. Сонау Бейнеуден тұтанған көгілдір отын Бозойды басып өтіп, тап осы Сексеуілдегі Арал компрессорлық стансасынан Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне таралмақ. Нақтырақ айтсақ, Тұңғыш Президент күні қарсаңында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен «ҚазТрансГаз» АҚ «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырында «Арал» компрессорлық стансасын, сондай-ақ «Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбырының «С» желісінде №5 және №7 компрессорлық стансаларын іске қосты.



Бактияр ТАЙЖАН,
«Егемен Қазақстан»

Салтанатты рәсім Астана қаласында өтті. Жаңа индустриялық нысандар жұмысының басталу сәті онлайн режимінде «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Бірыңғай диспетчерлік орталығы арқылы көрсетілді. Іс-шараға Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Қайрат Шәріпбаев қатысты.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырында «Арал» компрессорлық стансасын іске қосу елдің оңтүстігін газбен тұрақты қамтамасыз етуге және отандық газды Қытайға экспорттауды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

№5 және 7 компрессорлық стансаларды қолданысқа енгізу – төрт мемлекетті – Түрікменстан, Өзбекстан, Қазақстан мен Қытайды біріктіріп тұрған «Орталық Азия – Қытай» трансазиялық газ құбырын қалыптастыруды аяқтайды. Сондықтан бұл оқиға Қазақстан үшін ғана емес, өңірдегі барлық мемлекеттер үшін маңызды. Жаңа компрессорлық стансалардың жұмысы «С» желісінің өткізу қабілетін жылына 25 млрд текше метр газға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Енді барлық «А», «В» және «С» желілерінің жиынтықты қуаты жылына 55 млрд текше метр газды құрайды. «Қазақстан-Қытай» газ құбырын іске қосқан сәттен бастап 250 млрд текше метрден астам ортаазиялық газ тасымалданды.

Мемлекеттік цифрландыру бағдарламасы аясында газ магистральдарының қауіпсіз әрі тұрақты жұмыс істеуі үшін аталған объектілерде SCADA жүйесі орнатылған. Бағдарлама компрессорлық стансалар функцияларының өлшемдерін бақылап, бүкіл ақпаратты жинақтап, өңдеп, деректерді онлайн режимінде беріп отырады. Компрессорлық стансалар мен SCADA жүйесі General Electric, Siemens, Cummins, ABB, Huawei және басқалар сияқты жетекші дүниежүзілік өндірушілерден шығарылған қазіргі заманғы жабдықтармен жарақталған.

Анықтама үшін айта кетсек, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры Қазақстанның тәуелсіз тарихында ірі құбырлық жоба болып табылады және мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруда маңызды рөлге ие. Қазақстан «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ салу арқылы еліміздің оңтүстігіне тұрақты газ жеткізуді қамтамасыз ету, бірыңғай газ тасымалдау жүйесін құру және қазақстандық газды сыртқы нарыққа экспорттауды ұлғайту туралы 3 маңызды міндетті шешіп отыр.

«Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбыры – отандық газ саласының ең ірі халықаралық газ тасымалдау жобасы. Әр «А», «В» және «С» желілерінің ұзындығы 1310 шақырымды құрайды. Магистральдар жұмысы басталысымен 2008 жылы 16 индустриялық, жоғары технологиялық нысан бой көтерді, оның ішінде 13-і компрессорлық станса. Қазіргі уақытта газ құбыры бойынша 250 млрд текше метрден астам газ тасымалданды.

«ҚазТрансГаз» АҚ – Қазақстанның газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық операторы. «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының құрамына газ өндіруші, тасымалдаушы, өткізуші және оның өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындар мен ұйымдар кіреді.

С-КС-5 және С-КС-7 компрессорлық стансаларын жобалаумен, сатып алумен және салумен жергілікті «КазСтройСервис» НГСК АҚ компаниясы айналысты. Жоба тапсырыс берушінің бюджеті аясында қауіпсіздік пен жоғары сапа стандарттарын сақтай отырып, белгіленген мерзімде іске асырылды. Ең жоғарғы кезеңде жобада 1 300 қазақстандық маман жұмыс істеді.

Арал компрессорлық стансасының ашылу салтанатында Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының ұжымына Сыр өңірі халқының атынан алғыс айтты.

– Бүгін біз Арал өңірінде «Арал» компрессорлық стансасының іске қосылу рәсіміне куә болдық. Ұлы даланың құтын ел игілігіне жұмсау мүмкіндігін тәуелсіз еліміздің қарқынды дамып келе жатқанының бір дәлелі ретінде атап өтуге болады. «ҚазТрансГаз» АҚ қызметкерлері жеті айда, рекордтық уақыт ішінде өте маңызды нысанды іске қосып отыр. Сонымен қатар жақын арада «Қорқыт ата» компрессорлық стансасы іске қосылады. Тәуелсіздік мерекесінің қарсаңында «Қараөзек» компрессорлық стансасынан бастап Астанаға қарай Сарыарқа магистральды газ құбырының құрылысы басталып, елордамызға көгілдір отын жеткізу жобасының басталуына куә боламыз. Осының барлығы – халқымыздың ауызбіршілігінің, ынтымағының және Елбасы саясатының арқасы, деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ Энергетика министрі Қанат Бозымбаев сырбойылықтарды стансаның іске қосылуымен құттықтады.

Осы жерде айта кететін бір жайт, Қызылорда облысының әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасындағы меморандумға сәйкес, Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған аудандарын және Байқоңыр қаласын газдандыру жобасы жүзеге асырылды. Биыл Энергетика министрлігінің қолдауымен қалған 3 аудан орталығын – Жосалы, Тереңөзек және Жалағашты газдандыру жұмыстары басталды. 2020 жылы барлық 7 аудан орталығын көгілдір отынға қосу жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда өңірде облыс халқының 63%-ы табиғи газбен қамтамасыз етілген. 2020 жылға қарай газдандыруды 95%-ға жеткізу міндеті қойылып отыр. Бүгінде бірден үш жоғары технологиялық компрессорлық станса пайдалануға қосылуы осы мерейлі міндетті жүзеге асыруға жақындап қалғандығын білдіреді.

Сайын далада өткен салтанатты шараға осы өңірдегі ақсақалдар, зиялы қауым өкілдері қатысып, алғыстарын айтты. Ауыл ақсақалдары құла дүзге келіп, болашақ Арал компрессорлық орталығының қазығын қаққан «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының 7 айда рекордтық көрсеткішпен үлкен жобаны іске асырғанына таңданыстарын білдірді. Күні кеше Арал ауданы экологиялық ахуалдан тарай жаздап, ұлы теңіздің балықшылары Каспий мен Қапшағайға қармақ салып, ау құрып, тарыдай шашылып кеткен еді. Мемлекет басшысының қабылдаған шешіміне сәйкес, кіші Арал қайта толып жатыр. Көшіп кеткен жұрт қайта оралды. Аралда ұлы өмір басталды. Енді бұл жерден Қазақстанның барлық тармағына ел игілігінің шұғыласы тарап жатыр. «Газ келді – жаз келді». Бұл – қасиетті Сыр халқының сөзі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Қайрат Шәріпбаевтың айтуынша, қазақстандық газды транзиттік және экспорттық бағытта тасымалдауды әртараптандыру, сондай-ақ көгілдір отын экспорты көлемін арттыру – Қазақстан Президенті алға қойған маңызды стратегиялық міндеттердің бірі.

«Цин-Каз» – 20 жылда өрісі кеңейген өндіріс

Бүгінгі таңдағы әлемдік қаржы қиындығына қарамастан, кәсіпкерлік саласы еліміздегі экономика көрсеткішін анықтайтын, серпінді әрі қарқынды дамып келе жатқан басты арналарының бірі болып отыр. Осындай қарқынды дамып келе жатқан табысты компаниялардың қатарында өзінің мәртебелі орнын иеленіп отырған «Цин-Каз» ЖШС-нің жетістігін мақтанышпен айтуға болады.

Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан»

Әрине, табысқа апарар жолда біршама қиындықтың кездесіп тұратыны заңдылық және бұл қиындықтарды еңсеру үшін бар күш-жігерді салып, тынбай еңбек ету қажет. Компанияның 20 жыл тұрақты жұмыс істеп, жылдан-жылға жұмыс өнімділігін арттырып, ауқымын кеңейтіп келе жатуы – осындай қажырлы еңбектің нәтижесі. Табыс сырын тарқата айтқанда, кәсіпорынның жетістікке жетуіне ең алдымен оның осы жылдар аралығында тұрақты ұжым қалыптастыра алуы басты себеп ретінде аталады. Компанияда жұмыс істейтіндердің әлеуметтік жағынан қорғалуы, ұжымда дұрыс орта мен жайлы жағдайдың қалыптасуы, жалақының лайықты болуы және уақтылы берілуі – осының бәрі де еңбек ұжымының тұрақтылығына, адамдардың ұзақ жылдар бойы табандап жұмыс істеуіне себеп болды.

Қазіргі таңда «Цин-Каз» көпшілікке танымал ірі қазақстандық компаниялардың қатарында. Қызметінің негізгі бағыты – жеміс пен көкөністі қайта өңдеу және консервілеу. Компанияның іргетасы 1998 жылы желтоқсанда қаланып, сол кезден бастап іске қосылды. Өткен 20 жыл ішінде компания шағын ғана өндіріс цехынан Қазақстан Республикасында ғана емес, сонымен қатар көршілес елдерге де кең танымал, томат өнімдері мен консервіленген көкөністер нарығында көшбасшылар қатарындағы қарқынды дамып келе жатқан, бәсекелесе алатын ірі кәсіпорынға дейін өсіп жетілді. Қазақстандағы осы нарықтың 50%-дан артығын «Цин-Каз» сауда белгісімен шығарылған өнімдер құрайды.

Өндірісті техникалық-технологиялық тұрғыдан жаңартып-жаңғырту – кәсіпорынның алға қойған ең маңызды мақсаттарының бірі. Кәсіпорында 2011 жылдан бастап сомасы 618 535 000 теңгені құрайтын «Цин-Каз» ЖШС-нің өндірісін автоматтандыру, жаңғырту және кеңейтуді жүргізу» инвестициялық жобасы іске асырылуда. Бүгінде инвестициялардың басым бөлігі игерілді және осы жобаның аясында көкөніс салаттары мен соя тұздығын шығаратын екі жаңа цех салынды. Кәсіпорында жаңа цехтар іске қосылып, сапалы әрі сұранысы мол өнімді көптеп шығаруға өндірістік мүмкіндігі артып келеді.

Тек 2017 жылдың өзінде ғана технологиялық жабдықтарға 135 898 880 теңге мөлшерінде инвестициялар құйылды. Инвестициялық жоба бойынша 2018 жылдың соңына дейін тағы да 346 миллион теңгеге жабдықтар сатып алу жоспарланып отыр.

Өнім түрлеріне тоқтала кетсек, бұл бағытта да мақсатты жұмыстар толассыз жүргізілуде. Жыл сайын компанияның зертхана мамандары өнімнің бірнеше жаңа тәжірибелік түрін әзірлейді, оның ішінен ең тиімді әрі сапалы деген бір-екі түрі іріктеліп, өндіріске енгізіледі. Атап айтсақ, соңғы екі-үш жылдың ішінде көкөніс салаттары, маринадталған қияр, әртүрлі тұздықтар, етке арналған маринадтар сияқты жаңа өнімдер шығарыла бастады.

Барлық шығарылатын өнім нормативтік құжаттардың – кәсіпорын стандарттарының, мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сай өндіріледі, әр өнімнің қауіпсіздігі ЕАЭО Техникалық регламенттеріне сәйкес жүргізіледі. Заманауи құралдармен жабдықталған өндірістік зертхана қолданылатын шикізаттың және шығарылатын өнімнің сапасын жоғары деңгейде бақылауға мүмкіндік береді.

Осы орайда алдыңғы қатарлы басқарушылық технологияларды енгізу саласындағы жетістіктерді де атап өтсек орынды. Кәсіпорында ИСО 9001, ИСО 22 000, OHSAS 18001, ИСО 50 001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес төрт менеджмент жүйесі енгізілген және олардың бәрі де табысты жұмыс істеуде. Сондай-ақ жапондық Кайдзен – тұрақты жақсарту технологиясы да енгізілген.

«Цин-Каз» ЖШС қызанақ өнімдерін өндіру және консервілеу саласында көшбасшы бола тұрып, іс жүзінде өзінің тиімділігін дәлелдеп, шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі әртүрлі мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, мемлекет тарапынан қомақты көмек алып отыр. Бұл жерде екі жақтың да көрер пайдасы бар: кәсіпорын әртүрлі преференциялар, субсидиялар, өндірісті дамытуға гранттар алады, ал мемлекет болса, осындай бизнеске көмектесу арқылы жалпы экономикасын күшейтеді.

Бүгінде «Цин-Каз» өнімдерін таяу және алыс шетелдердің нарығына шығару мүмкіндігі белсенді түрде қарастырылуда. Сұранысты зерттеуге, сапалы маркетингке, тиімді жарнамаға тиісінше көңіл бөлініп, күрделі іс-шаралар атқарылуда. Компанияның осы бағыттағы алғашқы қадамдары – бұл Ресей және Қырғызстанның қалаларына өнімдерін экспорттау. Бүгінгі таңда өнімнің экспорты жалпы шығарылған өнім көлемінің 10%-дан артығын алып отыр, ал болашақта бұл көрсеткішті жыл сайын 15-20%-ға арттыру көзделеді.

Кәсіпорын Дүниежүзілік сапа декларациясының ұстанымдарына берік екенін, өз қызметінің сапасын үнемі жақсартуды көздейтінін және бағдарлама стандарттарына сәйкестігін «Global Quality Promotion Programme» халықаралық бағдарламасы бойынша декларацияға қол қойып, растады. Өнімнің және менеджменттің сапасын жақсарту, өз қызметкерлері үшін әлеуметтік жауапкершілікті арттыру, салық төлемдері сияқты бағдарлама талаптарына сәйкес «Цин-Каз» «Сапаның алтын сертификатымен» марапатталған болатын.

Өндірісті кеңейту, шығарылатын өнім сапасының тұрақтылығын қамтамасыз ету, экспортты дамыту және кәсіпорынның бәсекелестік қабілетін арттыру бұдан әрі дамудың негізгі бағыттары болып табылады.

АЛМАТЫ

ЖАНСАРАЙ

Ерлан БЕКХОЖИН, Қазақстан Президенті Телерадиокешенінің бас директоры:

Елдің бәрін тәнті еткен ерек тұлға

Бізге сұхбат беруші Ерлан Бекхожин – есім-сойы елге белгілі жүлдызды журналистердің бірі. Қазақ қауымына қадірлі текті әулеттің түлегі. Ақпарат саласындағы жемісті жұмысы үшін алған атақ-марапаттары жетіп артылады. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Президент сыйлығының лауреаты. «Құрмет» орденінің иегері. Кәсіби бәйгелерде қанжығасына байлаған кәделі жүлделері қаншама.

Талғат БАТЫРХАН,
«Егемен Қазақстан»

Республикалық «Қазақстан», «Хабар», халықаралық «Мир» телекомпанияларындағы талайларды тамсандырған талдамалы хабарларды тереңнен тербей жүргізуі, Ватиканға барып Рим Папасының қолын алуы, арнайы делегация құрамында Израиль Премьер-министрі Ицхак Рабиндің жерлеу рәсіміне қатысып, сол арада қаздай тізіліп қатар тұрған АҚШ-тың әр жылдардағы Джеральд Форд, Джимми Картер, Рональд Рейган, Джордж Буш, Билл Клинтон секілді бес бірдей Президентін көруі кәнігі тележурналист өміріндегі орны бөлек оқиғалар. Сондайақ соныға соқпақ салып, баспасөз кеңістігіне келіп қосылған «Айқын» және «Литер» газеттерін оқырманның рухани олжасына айналдырғанын ауызға алмасақ арымызға сын.

Жер жүзінің жетпістен астам елін аралаған елгезек әріптесіміздің көргенбілгені де, көңілге түйгені де көп болғандықтан әріден қозғап айтар әңгімесі де аз емес. Бірақ ол бүгін өз шығармашылығындағы өзгеше өріс – Елбасының шетелдерге ресми сапарлары барысында байқаған пайымдаулары, тұғыры биік осынау тұлға туралы деректі фильмдер түсіргенде көкейіне түйгендері, жеке кездесулері кезінде есінде ерекше сақталып қалған сәулелі сәттер төңірегінде тағылымды ой толғайды.

«Сіздерге Құдай парасатты Президент берген»

Сенесіз бе, әрбір қазақстандықтың мерейін тасытып, мәртебесін өсірер бұл сөзге бүгінде құлағымыз әбден үйренген сыңайлы. Екі күннің бірінде естиміз. Әсіресе әлемдік дәрежедегі әйдік жиындардың биік мінберінен айтылғанда кеудемізді мақтаныш кернейді. Ұлтымыздың ұлықтауға лайық көреген көшбасшысы болғанына іштей шүкіршілік етеміз.

Осындайда ойға оралады. Ілгеріде «Мир» телекомпаниясының Қазақстандағы филиалын басқарып тұрған кезімде Душанбеде өткен директорлар кеңесіне қатыстым. Сонда бір тәжік маған «Егер бізде сіздердікіндей Президентіміз болса, алақанымызға салып аялар едік» деді мұңайып. Сосын сәл үнсіз қалды да үзілген сөзін қайта жалғады. «Сіздер соғыстың не екенін білмейсіздер. Оның бетін аулақ қылсын!» Сонда барып әлгі әріптесімнің жан-дүниесін күйзелткен ауыр күрсініттің астарында қандай зіл жатқанын аңғардым. Бейбітшілік пен тұрақтылық берекелі тірліктің тұтқасы екенін түсіндім. Бақыт ордасындай Отанымыздағы салтанат құрған тыныштық Президентіміздің сарабдал саясатының арқасында орнағанын бағалау қажеттігін ұқтым. Жуырда жұмыс бабымен Киевке бардым. Днепр бойындағы бұл әсем қалада баяғыда бала күнімде болған едім. Балғын шақтың әдемі әсерлері жадымда жиі жаңғырады. Араға жылдар салып келгенімде Украина астанасының бұрынғы ажар-көркін көре алмадым. Елдің дамуын тежеген дағдарыстың айқын көрінісі емей немене бұл?!

Алтыбақан алауыздықтың аяғы қайда апарып соғатыны атам заманнан белгілі. Сондықтан тату-тәтті қарым-қатынасқа негізделген қоғам құрудың маңызы қашанда зор.

Астын сызып атап өтерлік тағы бір жайт, Елбасының сыртқы сапарларында онымен кездесуге, сөйлесуге, бірге суретке түсуге ұмтылушылардың қарасы молдығын талай байқадым. Абырой-беделінің биіктігін айтып жеткізе алмаймын. Америкада азуын айға білеген алпауыт компаниялар жетекшілерінің, астам мінезді миллиардерлердің Нұрсұлтан Әбішұлымен жылыұшырай жүздескендерін, сөйлеген сөздерін сілтідей тынып тыңдағандарын көріп еріксіз таңдай қақтым. Егер қызығушылық танытпаса олардың кез келгені орнынан тұрып кетіп қалар еді.

Жақында Брюссельдегі АСЕМ саммитінде де ең ірі еуропалық компаниялардың басшылары Назарбаевтың нағыз саясат серкесі ретіндегі рейтингісінің жоғарылығына көз жеткізді. Қозғалған тақырыптардың тамырын тап басуы, көкейден сұрақтарға сұңғылалықпен жауап қайтаруы жиналғандарды қатты сүйсінтті. Мұндай мойындауларға бойымыз үйренгелі қашан. Әйтсе де әркилы жаһандық жиындарда жалпы адамзатқа ортақ ауқымды проблемаларды қозғап, ордалы ой қорытатын Нұрағаңның бағалы бастамаларына біраяуыздан қолдау білдірген жақсы-жайсаңдардың жылы лебіздерін естігенде төбеміз көкке екі-ақ елі жетпейтінін несіне жасырайық.

Тарихтағы тұлғаның рөлі туралы ойлағанда менің көз алдыма ылғи өзімізідің Елбасының жарқын бейнесі тұрады. «Сіздерге Құдай парасатты Президент берген» деп еді бірде бізге ТМД-лық қаламдасымыз қызыға әрі қызғана қарап.

«Осы сен қайда жүрсің, елге қайтпайсың ба?»

Тәуелсіздігіміз аяғын тәй-тәй басқан тоқсаныншы жылдардың басы-тұғын. Онда радиода қызмет істейтінмін. Шетелдік сапардан оралған Президентті қарсы алуға Алматы әуежайына келгенбіз. Сол уақытта ұшақтан түскен Мемлекет басшысына журналистердің жан-жақтан сауал жаудыратын салты болатын. Қалыптасқан дәстүр бойынша алғашқы кезекті телевизия өкілдері алатын. Мен сол стереотипті бұзғым келді де, тұсымыздан өтіп бара жатқан Нұрсұлтан Әбішұлына дауыстап сұрақ қоюға оқталдым. Алайда аты-жөнін айтқанымша ол алысқа ұзап үлгерді. Үлкен толку үстінде үнім шықпай қалғанын сездім. Сонымен көкейімді тескен сауалым көмейімде қалып қойды. Елбасымен ең алғашқы кездесуім осылайша сәтсіздеу аяқталды.

Кейінірек тағы бір «қызық» жағдайға тап болдым. Теледидениеде шығарушы редактор міндетін атқарып жүргенімде қолыма Нұрсұлтан Назарбаев пен Борис Ельциннің Қазақстан мен Ресей арасындағы мәйекті мәселеге байланысты телефон арқылы сөйлесу мәтіні тиді. Шұғыл шешім қабылдап, әңгіменің қысқартылған нұсқасын кешкі алтыдағы «Жаңалықтарға» ұсынып, толық нұсқасын сағат тоғыздағы «Шарайнаға» бергенді жөн санадым. Өзімше «құлық» жасап, көгілдір экран көрермендерінің екі көзін төрт қылып түнгі хабарды күттірмек болған түрім ғой. Соның алғашқысын үйіне қайтар жолда автокөлік ішінде көрген Нұрсұлтан Әбішұлы тиісті адамдардан телефонмен тілдесуді кімнің «күзегенін» сұрап біліпті. Менің фамилиямды Президент біріншi рет сірә, сол жолы естіген болар. Сәл кейінірек, Мәскеудегі Бірінші арнада жұмыс істеп жүргенімде іссапармен Алматыға ат басын бұрдым. Әлдебір баспасөз мәслихатында Президент мені көріп қалып, «Осы, сен қайда жүрсің, елге қайтпайсың ба? Астанаға неге көшпейсің?» дегенінде үлкен кісінің өзімсінген қамқорлығына бөленгендей бөлекше күйге енгенім есімде.

«Жаңаша бағдарламалар жасайтын бол»

Президенттің Телерадиокешенін басқару жөніндегі ұсынысын білдіргенде Нұрсұлтан Әбішұлы «Жаңаша бағдарламалар жасайтын бол» деген тілегін қоса жеткізді. Оның айтуынша, Мемлекет басшысының белгілі бір елдерге сапарының тек ресми хроникасы тізбектеліп қана қоймай, сол елдер жайында тарихи, жағрапиялық, танымдық тұрғыдан тартымды материалдар берілсе телекөрермендер үшін әлдеқайда қызғылықты болады екен. Содан сол игі идеяны жүзеге асыруға кірісіп кеттік. Ұзақ уақыт бойы республиканың телеарналарында жоғары сұранысқа ие болып келе жатқан «Әлемге көзқарас» атты деректі фильмдер легі осылайша пайда болғанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Бұл фильмдер отандық деректі кино өндірісінде ойып отырып өз орнын алғаны анық.

Кейде Президенттің қатысуымен өтетін протоколдық іс-шаралар кезінде де жүрекке жылылық ұялататын өзгеше оқиғалардың куәсіне айналып жататынымыз бар. Әлі есімде, Францияда, Елисей сарайындағы қабылдауда француз оркестрі танымал қазақ ән-әуендерін құйқылжыта жөнелді. Музыканттар Абайдың «Көзімнің қарасын» ойнағанда Елбасымыз ерекше елтіп, әдемі қоңыр даусымен қосыла кетті. Керемет көріністі түсіртіп алмақ ниетімен жан-жағыма қарасам, жақын маңда бірде-бір камера болсашы. Басқа амалдың жоқтығынан ұялы телефонымның бейнежазба тетігін қосуға тура келді. Сол кештегі эксклюзивті түсірілім сөйтіп кинокадрға кірді. Мұндай мерейлі мезеттер тегінде аз болмайды. Қал-қадерімізше сондай қайталанбас сәттерді қалт жібермеуге тырысамыз. Шығармашылық топтың әртүрлі деңгейдегі келіссөздер үдерісінің қысқа қайырым үзіктерімен шектелмей, кадр сыртындағы көзайым көріністерді де қамтып қалуын ұдайы назарда ұстаймыз.

Кезекті кездесулердің бірінде Президент осы тележобаға қатысты өзінің көзқарасын білдіре отырып «Жарайсыздар, сіздер еліміздің тарихын жазып жатырсыздар» деді мақтауымызды асырып. Іле-шала «тарихты жазып жатқан Сізсіз, Нұрсұлтан Әбішұлы! Біз тек соны таспаға таңбалаушылармыз» дедім мен де көңілдегі көрікті ойымды іркпестен.

«Ерлан, үйге барған соң сөйлесеміз...»

Бірнеше жылдан бері Президенттің Телерадиокешеніне жетекшілік етіп келемін. Аталмыш құрылымның басты міндеті – ел Президентінің сан қилы қызметін саралап көрсетуге өзіндік үлес қосу.

Мен Елбасының елуге тарта сапарларында қазақстандық журналистер қатарында болдым. Дүние жүзінің небір дүлдүл қайраткерлері оны қалай құрметтейтінін көзіммен көрдім. Сондағы байқағаным, ұлтымыздың ұлы перзенті, салиқалы саясат сардары Нұрсұлтан Назарбаевтың көсемдік көрегендігі, адами асыл қасиеттері айналасындағы адамдарды магниттей тартып тұрады. Асқан ақыл-ой арнасын адамзаттық игі идеяларды жүзеге асыруға бұра біледі. Соған қарамастан өзін өте қарапайым ұстайды. Халыққа түсінікті тілде сөйлейді. Тығырықтан шығу жолдарын тез табады. Ұтымды ұсыныстармен елді елең еткізеді. Бастаған шаруасын баянды етпей тынбайды. Ұлы мұраттарға ұмтылады. Бұл жасампаздықтың белгісі.

Ал енді әзілге ұсталығы өз алдына бір төбе. Бірде Орталық Азия мемлекеттері басшыларының бейресми басқосуынан кейін ол баспасөз орталығында мәлімдеме жасады. Сөзінің соңында әдеттегідей «қоятын сауалдарыңыз болса, жауап беруге әзірмін» деді. Содан мен «Московский комсомолецтің» тілшісі Аркадий Дубковтың микрофон сұрап отырғанын білдірмекке қолымды көтеріп әлгі әріптесім жақты нұсқамаймын ба. Сонда байқаған Президент мені сұрақ қойғысы келіп отыр деп ойласа керек. «Ерлан, сенімен үйге барған соң сөйлесеміз» деп залдағыларды ду күлдірді.

Мен Президенттен аспанда да интервью алдым. Ұшақ бортындағы кабинетіне кіргенімде неге екенін білмеймін, ептеп сасқалақтап қалдым. Мықтының мысы басса керек. Отыр дегенді ишаратпен қарсы алдындағы креслоны көрсетті. Отыруға ыңғайланып әлгі орындықты жылжытсам, қатып қалғандай орнынан қозғалмайды. Қаттырақ тарта бастадым. Тапжылмайды. Бәрін үнсіз бақылап отырған Нұрсұлтан Әбішұлы әбден әбігерленген маған қарап: «Ақырын, қазынаның мүлкін сындырасың. Анау тетік тұрған жоқ па, соны бассаң болды», деп жылы жымиғанда маңдайымнан тер бұрқ ете қалды.

«Назарбаевпен басты мәселе туралы»

Біздің телерадиокешен түсірген фильмдердің бәрін талдасақ талайға сілтеуіміз мүмкін. Мен солардың ішінен басқалармен салыстырғанда мойны озықтау сияқты көрінетін бір-екеуіне тоқтала кетейін. Мәселен, «Үлкен саясаттағы галстуксіз кездесулер» дейтін туындымыз бұрынғылардан бөлектеу форматта қойылды. Режиссерлеріміз тың ізденістерге барып, әлемдік лидерлердің бейресми өмірін бейнелейтін киноархив материалдарын ақтарды. Солардың арасынан бұрын-соңды көрсетілмеген тосындау сюжеттерді іріктеді. Елбасымыздың галстуксіз кездесулерінен сыр шертетін ғажайып кадрлар таңдалып алынды. Міне, Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путин тау-тасты кезіп жүр, әне Елбасы қасына ҚХР-дың экс-төрағасы Ху Цзиньтаоны отырғызып алып электрокармен құйғытып келеді. Нұрағаның Дмитрий Медведевпен бірге балық аулаған көрінісі тіпті қызық. АҚШ-тың бұрынғы Президенті Билл Клинтон мен қазақ үйдің ішінде емін-еркін сұхбат құрып отырған Президентіміздің бетәлпетінде қонақын қошеметтеген дала перзентінің даналық белгісі қылаң береді. Біз бұл арқылы мемлекет басшылары арасындағы достық пен сыйластық саясаттың сіресken мұзын ерітуге оң әсерін тигізетінін айтқымыз келді.

Ал көзі қарақаты көпшіліктің ықтыс ықыласына бөленген «Назарбаевпен басты мәселе туралы» атты фильмді айрықша атап өткеніміз абзал. Мұнда бұған дейінгі сұхбаттардың бірдебірінде айтылмаған сырлар ақтарылды. Әзекті әңгіме өрбіді. Айтылмаған ақиқат қалмағандай.

Президент бұл фильмде өзі жайында, заман жайында кеңінен көсіліп толғады. Қазақстанның кешегісі мен болашағы хақында ағынан жарылды. Көгілдір экран алдындағы көрермендер толғауы тоқсан тіршіліктің толып жатқан сауалдарына жан-жақты жауап алды. Сұхбат барысында өткен-кеткенді еске салатын мұрағаттық таспалар ұсынылды. Меніңше, елдің бәрін тәнті еткен ерек тұлға туралы басты фильмдерді түсіретін уақыт әлі алда.

Әр баланың өз несібесі бар

Елбасымен суретке түскен кішкентай Нұржан Мурсалимов қазір ержетті. Ол облыс орталығындағы №19 мектептің 11 сыныбында оқиды. Былтыр үлгілі тәртібімен, үздік оқығанымен, белсенді ұйымдастырушылық қабілетімен танылған жасөспірім мектеп президенті атанып ты.

Фарида БЫҚАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Біз Нұржан туралы «Егеменде» 2015 жылы қаңтар айында «Пәтер алған күні Елбасына хат жазамын...» деген мақаламызда жазған едік. Онда Н.Мурсалимовтің ата-анасы Рамазан мен Қауияның үй кезегінде 1992 жылдан бері тұрып келе жатқандары айтылған-тын. Облыс орталығында пәтер жалдап тұрған отбасы ұзақ жыл бойы үйміз болса деген үмітпен өмір сүрді. Тіпті тұрған үй кезектерінің құжаттары да облыс орталығындағы Индустриялық ауданы тараған кезде жоғалып кетіпті. Бірақ отбасы үміттерін үзбейді. Несібе әкелер жақсы бір күннің боларына сенеді. Пәтерден пәтерге көшіп жүрсе де Меруерт, Қарлығаш атты екі қыз бен Нариман, Бауыржан, Нұржан есімді үш ұлды дүниеге әкелді...

...2007 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен Павлодарға келді. Жұмыс сапарының соңында облыс орталығындағы жаңадан ашылған №10 балабақшаны аралап көрді. Елбасы балабақшаға келгенде кішкентай Нұржан Рамазанұлы компьютер арқылы қазақы ұғымдар тізбелерін жасап көрсетіп берді. Сол жолғы мақалада біз: «Кішкентай компьютерші бала Нұржан ержетті, облыс орталығындағы №19 мектептің 7 сыныбында оқып жүр. Елбасы ризалығын, батасын алған бала. Талапты, зерек оқушы. Қазір осы Нұржан өсіп келе жатқан отбасы облыс орталығындағы пәтер кезегінде 71-ші болып тұр екен. Әне-міне деумен, күтумен, шеше неуніктердің үйдесіне сенумен келеді. Бліғи кейін шегеріле берген ғой. Үй кезегіне 1992 жылдан бері тұрғаннан санасақ, 20 жылдан асып кетіпті.

«Әке-шешемнің талай жыл бойы сарылып әзер жеткен 71-ші кезегі тағы да кейін шегеріліп тасталмаса екен, биыл пәтер алсақ, қуанышымды айтып Елбасына хат жазар едім», деген еді сонда Нұржан.

Қазір Мусалимовтердің көпбалалы отбасы облыс орталығындағы жаңа салынған үйдегі 3 бөлмелі пәтерде тұрып жатыр. «Әрине пәтер алған күні Елбасына хат жаздық. «Егемен» газетіне рахмет! Менің ата-анам, мен жайлы жаздыңыздар. Бұл менің өмірімдегі ұмытылмас қуаныштар ғой! Кішкентай күнімде көрген Елбасының батасы өмір жолыма жолдама бергендей. Бұл сурет әрқашанда менімен бірге», дейді Н.Мурсалимов.

Мектеп бітірген соң Мәскеудегі М.В.Ломоносов атындағы мемлекеттік университетке оқуға түсуем дейді ол. Сәттілік тілейміз саған, Нұржан!

ПАВЛОДАР

СУРЕТТЕ: Елбасы Павлодарға келгенде. 2007 жыл. Кішкентай Нұржан Мурсалимов компьютерде.

ӨНЕР

Берік АЙТЖАНОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

Фильмде Президенттің адами қасиетін ашуды мақсат тұттық

– Берік, әдетте Елбасы туралы фильм түсіру жұмысы қолға алынғанда оған жоғары білікті киномамандар шақырылады. «Жұлдыздар тоғысқанда» фильміндегі Елбасының рөліне ұсыныс қалай түсті және сіз оны қалай қабыл алдыңыз?

– Өмірдің қиындықтарына қарсы тұра бергеннен әбден қажып, өзін жоғалтып алған талантты композитордың тағдырын бейнелеген «Адель» атты фильмнің түсірілімі аяқтала сала, «Жұлдыздар тоғысқанда» кинокартинасының кастингіне келгенімде, Елбасы рөліне таңдау жұмысы бір айдан артық жүріп жатқан болатын. Келсем, бүкіл республика театрларындағы «мен» деген актердің бәрі осында жүр. Шынымды айтсам, «Адельде» жүріп шаршап қалыппын, аздап тынығып алуды жөн көріп жүргенмін. Алайда Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы екі-үш мәрте телефон соғып, Елбасы туралы фильм түсірілгелі жатқанын, бас қаһарманның рөліне мені лайық көретінін айтып, киносынаққа қатысуымды қолқалады. Онша құлықты болмағандықтан, уақыт созып, сырғақтап жүргенмін, бірде министр: «Әй, Берік, сен әлі түсіру алаңына бармағансың ба? Режиссер Сергей Снежкинге сен туралы айтқан едім, ол күтіп жүр ғой» деген соң сенім арта айтылған сөзді аяқасты етуге арым жібермеді. «Жарайды, бір көрініп қайтайын» деген ниетпен киносынақ алаңына келдім. Бірақ қанша елестетсем де, Елбасы секілді үлкен тарихи тұлғаның рөлінде өзімді көре алмадым, сондықтан болар, ойнауға зауқым соқпады. Бұл ойымды іріккпестен режиссердің өзіне де айттым. «Сергей Олегович, сіз менен қандай Елбасының образын көріп тұрсыз? Түрім болса, мынау» деймін қу жағымды қаулай өскен сақал-мұртымды саусақтарымның сыртымен сипай нұсқап. Кастингке қатысуын қатыссам да, «Мені сынап байқаған соң, өздерінің де көзі жетіп, «бұл типаж емес» деп, босатар» деген ой басымырақ болды. Режиссермен әңгімелесіп, бір сағаттың айналасында сынақ жасадық. Алғашқы сынақтан кейін «болды енді, құтылдым» деп алаңсыз үйге келген бетім сол болатын, кешкісін ассистент қыздар хабарласып, ертең өтетін үлкен бейнесынаққа келіп қатысуымды өтінді. Тағы да ұнжырғам түсіп кетті. Ел назарында жүрген, жүріс-тұрысына дейін таныс, тіпті кірпік қағып, сөйлегеніне дейін көз алдымызға еркін елестете алатын Елбасының рөлін қалай ойнамақпын? Жауапкершілігі ұшан-теңіз сынды ақтай алам ба? Қобалжу мен қорқыныштың арасында жүріп бейнесынаққа түсуге барғанда да, рөлге бекітілетініме сенген жоқпын. Режиссердің айтқандарын орындап, өзіме тиесілі жұмысты тез-тез атқардым да қош айтысып, кетіп қалдым. Ертеңінде: «Режиссер сізді таңдады, Елбасы рөліне сіз өттіңіз» деген хабар құлағыма тигенде, төбемнен жай түскендей болды.

– Неге?

– Мен – актермін. Өзіме жүктелген міндеттен бас тарту әлсіздігім болар еді. Тым жеңіл-желпі, арзан, азаматтық ұстанымыңа қайшы, қолайыңа жақпайтын жобалардан бас тартатын кездеріміз болады, ал мұндағы жағдай керісінше, Елбасы рөлінің жауапкершілігі биік болғандықтан көтере алмайтын шоқпарды беліме байлап, өзімді мерт етпеймін бе деген қауіп жеңіп кете беретін еді.

– Фильмде Президенттің образы отты, жігерлі, қайсар мінезде бейнеленеді. Үнемі қарбалас, қауырт. Режиссер мақсатты осылай белгіледі ме?

– С.Снежкин мақсатымды белгілеген кезде, Президенттің түр-әлпетін, мінезін нақты көрсетуге міндетті емес екенімді кесіп айтты. «Біз Президент туралы емес, ең алдымен адам туралы, адамның тағдыры туралы фильм түсіреміз» деді режиссер. Театрда болсын, кинода болсын, ең алдымен актер мен режиссердің арасында үйлесімділік, сенім орнай алса ғана ортақ жұмыс нәтижесін береді. С.Снежкин бірден: «Берік, қорықпа, маған сен! Менің қасымда бол, біз бірге алып шығамыз» деді. Сөйтіп фильмнің ең алғашқы кадрлары Нұрсұлтан Назарбаевтың өміріндегі ең жарқын кезеңнің бірі – 1984 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағалығына тағайындалған кезінен бастап түсіріле бастады. Қандай жобаны бастағанда да, алғашқы бірінші, екінші аптада күдік пен күмәннің құрсауында жүресің, жұмыс та қиындықпен өрістейді. Біз фильмде Президенттің адами қасиетін, төңірегіндегі серіктестерімен, қарапайым жандармен қарым-қатынасын ашуды көбірек мақсат тұттық.

– Рөлге байланысты қандай сындар айтылды? Сынды қалай қабылдадыңыз?

– Сын, негізінен, ойынға қатысты емес, гримге байланысты көп айтылды. Фильмде Ресейдің «Один в один» сияқты телебағдарламаларында қолданылатын силиконды грим қолданылды. Бұл кемі 5-6 сағат жасалатын күрделі грим санатына жатады. Гримге таңғы сағат 4-тен бастап отырған күндерім болды. Телебағдарламаларда сәтті шыққанымен, бұл гримнің көркем картинада образбен тым үйлесім таба бермейтіні анық байқалды. Себебі сезім, адам жанының толқынысы, буырқаныcқа толы көңіл күй реңкі экранда жанды әсерін жоғалтып алатынын аңдамау мүмкін емес. Кейде Президенттің аға жасына аяқ басқан кезеңін мен сияқты жас емес, өзімен замандас актер ойнағанда сенімдірек, сәттірек шығар ма еді деген ойлар келеді.

– Елбасы тарапынан рөл қалай қабылданды, экрандағы көркем бейнесі туралы қандай пікір айтты?

– Фильмнің премьерасынан кейін түсіру тобының төрт-бес адамнан құралған шағын ғана шоғыры Нұрсұлтан Әбішұлымен кездесуге шақырылды. Бәріміз бірге түскі ас іштік. Президент қалжыңдап, күліп отырып, фильм туралы жылы пікірін айтты. Нақты өзіме қарата айтқаны: «Әй, Берік, сен фильмде қабағың қатулы, тым салмақтысың. Мен өмірде сен сияқты тұнжырап жүрмеймін. Мен әзілді жақсы көремін, әнді жақсы көремін. Өмірде күліп жүретін адаммын» деді күліп.

– «Тракторшының махаббаты» мен «Жұлдыздар тоғысқанда» – бірі коммерциялық, бірі көркем жанрда түсірілген, жанры да, мазмұны да, идеясы да бір-бірімен салыстыруға келмейтін екі басқа дүние болғанымен, көрермен жылы қабылдап, танымалдылығыңыз да арта түсті. Тракторшының рөлінен Елбасының орбазына дейінгі аралықта киноактер ретінде қандай да бір өзіндік формулаңыз қалыптасты ма, мысалы, нашар фильмге түспеймін деген сияқты...

– Киноактердің басты жауы – амплуа. Біздің Әуезов атындағы театрда 2000 жылдардың орта шенінде «Сағыныш пен елес» атты трагедиялық драма жүрді. Әйгілі актеріміз Құдайберген Сұлтанбаевпен сахналас болып, мен немересін ойнадым. Сонда Құдайберген ағамыз сахнаға шығар-шықпастан, сонау түкпірден төбесі көрінгеннен көрермен жыртаңдап күліп, қол шапалақтай бастайтын еді. Құдай-ау, бұл трагедия емес пе? Несіне күледі? Неге қол шапалақтайды? Амплуаның тұтқыны болудың қандай екенін алғаш осы мысалдан көрдім. Кино мен театрдың тарихында мұндай мысалдар өте көп. Орыс комедиясының атасы Гайдайдың фильмдерінде ойнап, бас айналдыратын ғажап табысқа кенеліп, даңқы дүрілдеген атақты Демьяненко Шуриктің кесірінен актерлік тағдырын қасіретпен аяқтады. Ішкі қуаты мол драма актері бола тұра, комедиялық рөлден басқа рөлде ойнай алмай, ішқұса болды. Шебер актер осындай шаблонға түсіп қалудан сақтану керек. Өзімді тау қопарып тастаған керемет актермін деп есептемеймін, бірақ бір сарында, бір жанрда қалып қоймауға тырысамын. Бұл мәселе өзіңнің актерлік, азаматтық ұстанымыңа, кәсібіңе қарым-қатынасыңа байланысты қалыптасады. Мені ең алдымен материалдың маңыздылығы қызықтырады. Тракторшының рөлінен де басқа әлдеқандай әлеуметтік топтың өкілін ойнау керек болса және ол бейне қызықты, көрерменге ой саларлықтай мазмұнды болса, бас тартпастан бірден келісер едім.

– Төрт жыл бұрын сіз әкемтеатрдан кетіп қалдыңыз, неге кеттіңіз және жуырда театрға қайта оралғаныңызды естідік, оралуыңыздың сыры неде?

– Иә, төрт жылға жуық театрдан қол үздім. Ол менің жеке ұстанымым мен көзқарасыма байланысты қабылдаған шешімім болатын. Театрдағы бұл шығармашылық үзіліс өзіммен-өзім жұмыс істеп, рухани қайта түлеуім үшін керек болды. Егер театрдағы рөлдерім болмаса, мен бәлкім, бүгінгі Берік Айтжанов болмауым да мүмкін еді. Тіпті театр болмаса, киноға белсенді түсіп жүрген актердің өзінің ішкі органикасы, пластикасы әлсіреп, солып қалар еді деп ойлаймын. Трагедиядан комедияға, комедиядан психометафизикалық драмаға келіп ойнайтын, сол арқылы шеберлігі шыңдалып, ішкі қоры жинақтала түскен театр актері кино алаңда камераны өте нәзік сезінеді, кез келген рөлді қиналмай ойнап шығады. Сол себепті актер ең алдымен театрда ойнауы керек.

– Театрға келісімен орыстың ғана емес, әлем классикасының жауһарына айналған Чеховтың «Ваня ағайындағы» Астровты ойнағалы жатыр екенсіз. Әжептәуір үзілістен кейін көрермен назары алдымен сізге ауатыны белгілі, өмір туралы толғанғыш дәрігер Астровты қай қырынан ашуды көздеп отырсыз?

– Оны сахна көрсетер. Теорияда басқаша, ал іс жүзіне келгенде өңі айналып түсетін тосын жағдайлар театрда жиі кездеседі. Астров – күрделі образ. Қашпаған қашардың уызынан дәметіп: «Ойбай, Астровты мен былай ойнаймын, олай ойнаймын» дегеніммен, ертеңгі күні сөзің мен ісің қабыспай жатса, көрерменді қадірлемегенің болып шығады. Арық айтып, семіз шыққаннан артық не бар, бәрін уақыт көрсетер. Әзірге, ізденіс үстіндемін.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен
Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан»

ОТАН ДЕП ОРАЛҒАНДАР

Атажұртқа оралған әнші

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Жазушы-журналист Қайнар Олжай өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ортасында жарық көрген «Президент пырағы» атты репортаждар кітабында, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 1993 жылы қазан айында Моңғолияға барған ресми сапары жайлы көрген-білгенін баяндай отырып: «Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзекті мәселелерді шешіп алған соң осы елдегі қазақтармен кездесіп, атамекенде болып жатқан өзгерістерді, жаңалықтарды айтты. ...Кездесуден кейін Бай-өлке аймағының басшысы Мизамхан Күнтуғанұлы бастаған азаматтар Қазақстан делегациясына қонақасы беруді парыз санапты. Олар «Көк тәңір» резиденциясы ішіне он екі қанат киіз үй тігіпті. Сол жерде үкілі домбырасын қолға алып, өзі де үлбіреп тұрған Меруеш Башай деген қарындасымыз Қазақстан Президентіне

арнау айтты. Атажұрттан алыста жатқан бұлардың сағынышы, аңсауы, өксігі, өкініші, үміті, болашағы жатқан бұл арнаудың жөні бөлек болды. Наз да бар, базына да бар. Тілек те бар, қайсарлық та бар. Ақбоз үйдің алдында арнауды тыңдап тұрып, Президент Нұрсұлтан Назарбаев толқыды. Бұған дейінгі талай сапарда бұл кісі таңданысын да, толқынысын да байқатпайтын» деп жазыпты.

Журналист жазған бұл сәтті ол кезде телеэкраннан бәріміз де көрдік. Тіпті Нұрсұлтан Әбішұлы арнауды тыңдап тұрып көз жасын сүрткенін былайғы жұрт әлі ұмыта қойған жоқ. Расында аққудың балапанындай үкісі желбіреген жас қыздың «Қанды бұғау қақырап, Қайта оралды көк туым, Алыстағы ағайын, Келші деген жетті үнің...» дейтін зарлы толғауын бейжай тыңдау мүмкін емес-тін.

Одан бері қаншама жылдар алмасты. Тәй-тәй басып тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан қазір әлемдегі алдыңғы қатарлы елге, Ханғайдағы қандасына қамыға қараған Елбасы қазір ғалам таныған тұлғаға айналды.

Арада 15 жыл өткенде, яғни 2008 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тағы да кезекті рет ресми сапармен Моңғолияға барды. Тағы сол Ұланбатыр қаласында қандастарымен кездесті. Осы қауышу үстінде он бес жыл бұрын Елбасыны жырымен елжіреткен әнші Меруеш ән салды. Бұл жолы ертедегідей зарлы сұңқыл емес, 10 жылдың ішінде іргесі кеңейген алып шаһар Астана жайлы, дамудың даңғыл жолына түскен Қазақстанның бүгіні мен болашағы жайлы шаттық жыры жырланды.

Кездесу үстінде Нұрсұлтан Әбішұлы әнші қарындасымызға «Атажұртқа оралмайсың ба?» деген сауал тастап, Меруештің «иә» деген жауабын естігеннен кейін мезетте қызмет бабымен бірге барған адамдарға «Қарағанды облысы әкіміне хабарласыңдар, Меруешті жұмысқа қабылдасын!» деп қолма-қол тапсырма бергізді. Сөйтіп, әнші қызымыз атажұртына оралып, қазір Қ.Байжанов атындағы Қарағанды облыстық концерттік бірлестігінде абыройлы қызмет атқарып жүр.

ӨМІР ЖӘНЕ ӨЛЕҢ

Менің Президентім...

Қаншама хандар өткен,
Өз елін заңғар еткен.
Қаншама патша болды
кеңес құрған,
Алдынан асу-асу белес туған.
Бәрі де халқын ойлап
бас қатырды,
Көзіне оңашада жас та тұнды.
Патша боп өз-өзіне сенгендері,
Тарихқа енді қолынан
келгендері.
Сынға алар тарихты бір күн
жетті,
Қолынан келмегені
құрдым кетті.
Қарапайым, кәдімгі таза жұрты,
Уақытпен ыдырап аза бұлтты,
Патшалық та, халық та
кейін қалды.

Сақталды Қазақ халқы,
қазақ ұлты,
Тілек тілеп еліме батса күнім,
Уақыт уысынан ақса күнім,
Сол қазақ ұлтымен құрған бірге,
Тәуелсіздік дәуірі патшалығын,
Кең далам – кең жамылып
төрге асып ең.
Алатау биіктеді өр басымен,
Тәуелсіздік дәуірі бірге келді,
Президентім!
Қазақтың Елбасымен!

Тәуелсіздік нұр шашқан
таң да жетті,
Аспан-жер!
Екі арасын жалға көкті,
Менің Президентім!
Әуелі Қазағыма көшбасшы боп,
Орта Азиям!
Қастерлеп мәртебе етті.

Орта Азиям!
Қазағым – туған жерім
Орта Азиям! Қазағым – туған елім,
Біздің ұлы тұғырымыз – Қазақ елі,
Одан соң Орта Азиям
– күллі әлемім!

Қазақтың абыройын асқақ етті,
Сарыарқа, Астанамды
бас қала етті!
Менің Президентім
түркі әлемі үшін де
Ордалы Түркістанды – Астана етті!

Тәңірімнің шашқан
бір нұр таңы еді,
Жер еді, киесі бар, бір кәделі,
Орта Азиядан басталған
түркі әлемі!..
Жасай бер, Қазақ Елі,
Президентім!

Шөмішбай САРИЕВ

Сурет «Егемен Қазақстанның» архивінен алынды

ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ

Ілтипат хаты

Астана қаласының тұрғыны Самғау Нәсіпхан дейтін бауырымыз бар. Осы жігіт аса бір риза кейіппен: «Мен Елбасының ілтипатына бөленген адаммын» дегенді үнемі айтып жүреді. Расында солай. Самғаудың туған жері – Шыңжаң өлкесіне қарасты Алтай аймағы, соның ішінде еліміздің шығыс шекарасымен ірге ұштасып жатқан Қаба-Буыршын ауданы. Өзінің айтуынша, ата-анасы ауылдың қарапайым да, қаражон адамдары болыпты. Бірақ нағашысы өңірге өнерімен танылған шебер екен.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

«Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі» деп Абай атамыз айтқандай, Самғау нағашысынан етік тігудің қыр-сырын жастай үйренген. Қысқасы, қазақтың көкқасқа етігін көктей жөрмеп, көнтеріден сірөкше салып, былғарыдан оймышты қалың қоныш қондырып, етік тігуді меңгерген жігіт 2005 жылы Алтай асып, атажұртына оралған. Келе сала атакәсібін қолға алған. Бірақ шалғай ауылдың шарқы белгілі, өнімі өте қоймаған соң, 2010 жылы елордаға келіп, етік тігуді бастап кеткен.

– 2015 жылы еді, – дейді Самғау інеміз. – Қолыма қымбат қолтырауынның терісі түсті. Оны басқаға қимай бар қазақтың басын қосып, бағын ашқан Нұрсұлтан ағама арнап етік тігуге бел байладым. Етік тігіліп біткен соң оны Нұрсұлтан Әбішұлына жолдап, онымен қоймай 2012 жылдан бері үзбей тойланып келе жатқан 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен құттықтадым. Арада көп уақыт өткен жоқ, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қарапайым етікші-оралман менің атыма жолдаған ілтипат хаты келіп жетті.

Өздеріңіз көріп отырғандай, Елбасы өзінің ілтипат хатында: Самғау бауырымыз жіберген сыйлықты қабыл алғанын айтып, сыртта жүрген ағайындар атажұртқа оралып, орын тапқандарына қуанышты екенін жеткізе келе, мұның бәрі тәуелсіздіктің арқасы екенін ерекше ескертіп, сыйлық иесіне бақ-береке тілеп, хаттың соңына «2 желтоқсан, 2015 ж.» деген датамен қатар өзінің қолын қойыпты.

Атам қазақ «жақсының шарапаты – тәңірдің рахаты» дегеніндей, осы оқиғадан кейін оралман бауырымыздың кәсібіне кең жол ашылған. Қазіргі таңда Самғау Нәсіпханұлына еліміздегі «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша елорда іргесіндегі Қараөткел ауылынан 20 сотық жер телімі беріліп, оған кәсіпкер азамат жеңіл аяқ киім өндіретін шағын кәсіпорын салып жатыр. «Бұйырса, алдағы жылдың аяғына таман өндірісті іске қосамыз» дейді Самғау інеміз.



Қазақстан Республикасының Президенті
Президент Республики Казахстан
АСТАНА, АҚОРДА

БІР СУРЕТТІҢ ТАРИХЫ

Сегізінші сыныптың Сұлтаны

«Мына фото 1956 жылы Алматы қаласының іргесіндегі Шамалған ауылында түсірілген екен. Алдыңғы қатарда отырған үш адамның сол жақтан біріншісі – еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Ортадағы әйел – Ирина Костицына. Бұл қыз Ресейдің Тамбов облысының тумасы екен. Тағдыр жазуымен Шамалған ауылына келіп, сегіз жылдық орта мектепте ұстаз болған. Шетте отырған еңселі қарияның аты – Жылқыбай Қарасаев. – Бұл кісі бізге математикадан сабақ берді, өте қатал, тым талапшыл адам еді», дейді жәдігердің тарихы туралы мәлімет берген елорда тұрғыны, Елбасының жақын досы һәм сыныптасы Сәдуақас аға Есімбай.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Сәдуақас Омарұлының айтуына қарағанда, осы жылдары Шамалған орта мектебінде аса білікті мұғалімдер жұмыс істепті. Тіпті ағайынды Шәменовтер дейтін бірі – математика, екіншісі – медицина ғылымдарының докторы атағы бар ағалы-інілі адамдар биология және математика пәні бойынша орта мектепте ұстаздық еткен екен. «Орта мектепте ғылым докторларының сабақ беруі қалай?» деген біздің сұрағымызға Сәдуақас ағамыз: – 1937-1938 жылдары қазақ зиялыларының дені халық жауы ретінде атылды немесе әртүрлі жаза жүктеді. Одан аман қалғандары Алматы қаласынан қуылып, астанадан 30-50 шақырым алыс тұруға үкім етілді. Осы үкім бойынша Шәменовтер біздің ауылға орналасқан көрінеді. Ал мына фотодағы Жылқыбай ұстаз да дәл осылай жер аударылған зиялы болатын, – деді.

Одан кейін Нұрсұлтан Әбішұлының артында тұрған сыныптасы – Қасым Жұрынбаев. Бұл жігіттің қатарластарынан екі жас үлкендігі бар екен. Ертерек дүниеден өтіпті. Ортадағы қыз Зейнеп Жақаева. Бұл да Нұрекеңнен үш жас үлкен, 1937 жылы туыпты. Кейін бухгалтер мамандығын оқып, ұзақ жыл табан аудармай ауылда қызмет атқарған. Қазір Алматы облысы, Қарасай ауданы Жандосов ауылында тұрып жатыр.

Суреттегі шетте тұрған бозбала – Сәдуақас ағамыздың өзі. Сәкең Елбасының естеліктерінде «ең жақын досы» ретінде баяндалады. Екінші тараптан бұл кісі Әбіш ата мен Әлжан ананың өкіл баласы ретінде Елбасымен бір шаңырақта тел өскен екен. – 1953 жылдың бір күні, – дейді Сәкең. – Біздің үйге Әбіш атамыз бен Әлжан анамыз келіп, «Сәдуақас қарағым, әкең Омар 1942 жылы соғысқа аттанарда бізге келіп, мына фашистің қарқыны қатты, мен осы кеткеннен қайта оралмаймын, сіздерге айтарым «жалғыз ұлым Сәдуақасқа қамқор болыңдар» деп сені аманаттаған-тын», деп 13 жастағы мені өкіл бала қылып алды. Сөйтіп мен осы кісілердің қамқорлығында болып, Сұлтанмен (Нұрсұлтанды айтады) тай-құлындай тебісіп бірге өстім. Кейін Әбіш ата үйінің іргесінен орын беріп, ол жерге қарындасым екеуміз саманнан үй тұрғызып алдық. Үйді салуға Украинада оқып жүрген Нұрсұлтан досым келіп көмектесті. Бертінде осы оқиға жайлы газеттерге «Сұлтан салысқан Сәдуақас үйі» деген мақала шығып, ол жазба кейін бір кітапқа енді. Бұл фото 8-сынып бітірген жылы түскен суретіміз. Нұрсұлтан екеуміздің Әлжан ана дүкенге ертіп барып, бірдей етіп көйлек алып берді. Мына фотодағы Нұрекең екеуміз қатар киіп тұрған қаражолақты көйлек осы анамыз сыйлаған бұйым.

ЖӘДІГЕР

Елбасы көлігі – ел көзайымы

Шамалған ауылындағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы осыдан бір жыл бұрын ашылған болатын.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
«Егемен Қазақстан»

Осы мерзім аралығында Елбасының кіндік қаны тамған ауылдағы руханият ордасынан адам аяғы арылған емес. Өйткені бұл орталық Нұрсұлтан Назарбаевтың Мемлекет басшысы ретіндегі өрнекті өмір жолынан сыр шертіп қана қоймай, тұтас еліміздің тәуелсіздік тарихынан мол мағлұмат беретін мекенге айналды.

Орталықтың ашылу сәтінде Тұңғыш Президент – Елбасы қорының атқарушы директоры Қанат Жұмабаев ерекше сый ретінде Мемлекет басшысының 2001 жылы мінген қызметтік автокөлігін тарту еткен еді. Президентке қызмет көрсеткен сол «Мерседес» машинасы қазір рухани орталыққа келушілердің қызыға тамашалайтын экспонатына айналыпты.

– Орталық бір жылдың ішінде ел көңілінен орын тауып, келушілердің қызығушылығын оятқан рухани орынға айналды. Бұған дейін Нұрсұлтан Назарбаевтың өмір жолынан сыр шертетін танымдық орталықтың міндетін Шамалғандағы орта мектеп жанындағы музей атқарып келген еді. Ал «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы шамалғандықтар ғана емес, тұтас еліміздің мақтанышы болатындай рухани кешенге айналды, – дейді орталық директоры Жәмилә Елғондиева.

Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕК

Айтпақшы, мұнда келушілерді қызықтыратын экспонаттың бірі – Мемлекет басшысы пайдаланған үкіметтік автокөлік дедік. Әсіресе орталыққа жиі келетін мектеп оқушылары Елбасы мінген көлікті айналшықтап жүреді екен.

Жалпы, бұл орталықтың алтын қорына жиналған барлық экспонаттар Елбасының балалық шағынан бастап егемен елдің Көшбасшысына айналғанға дейінгі кезеңді қамтиды. Құнды жәдігерлерді жинақтауға Шамалғандағы тарихи өлкетану мұражайы, орта мектептің ұжымы жұмылса, Мемлекет басшысының жазба еңбектері мен танымдық фотосуреттері, әр жылдарда жарық көрген кітаптары Елбасы кітапханасы мен Ұлттық кітапхана мұрағатынан алынып, ел назарына ұсынылуда.

Алматы облысы

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Басқарма төрағасының орынбасары – бас редактор
Айбын ШАҒАЛАҚ

Басқарма төрағасының орынбасары
Ерболат ҚАМЕН

Бас редактордың орынбасарлары
Қамбар АХМЕТ
Думан АНАШ
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Саясат және құқық бөлімі
Жолдыбай БАЗАР

Экономика бөлімі
Арнұр АСҚАР

Әлеумет және білім бөлімі
Мирас АСАН

Мәдениет және руханият бөлімі
Талғат БАТЫРХАН

Әдебиет және өнер бөлімі
Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ

Интернет-редакция бөлімі
Құрманәлі ҚАЛМАХАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана – astana@egemen.kz
Ақтау – mangystau@egemen.kz
Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz
Талдықорған – 7su@egemen.kz
Атырау – atyrau@egemen.kz
Көкшетау – kokshe@egemen.kz
Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
Қостанай – qostanai@egemen.kz
Орал – bqo@egemen.kz
Өскемен – shygys@egemen.kz
Павлодар – pavlodar@egemen.kz
Тараз – taraz@egemen.kz
Шымкент – oqo@egemen.kz
Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Астанада: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87, факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Астанада – 8 (717 2) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 6 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті есепке қою туралы
№01-Г куәлікті 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі.
Талаптар талаптарына сәйкес сертификатталған.

Ⓐ Материалдың жариялану ақысы төленген.
Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**
ТАРАЛЫМЫ 206 459 дана

ISSN 1999-9720
9 771999 972005

Нөмірдің кезекші редакторы
Талғат БАТЫРХАН